



Береке, байлық – бірлікте!

ҰЛЫТАУ ӨНІРІ

№24 (5995) Сенбі, 20 маусым, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

АРЛАРЫ АҚ ХАЛАТТАН АППАҚ ЖАНДАР

Құрметті Медицина қызметкерлері!

Өзінің өмірі мен қызметін адам денсаулығына арнаған ақ халатты абзал жандарды Медицина қызметкері күнімен құттықтаймыз!

Бұл мерекені адам тәнінің қиналысы мен қасіретін жүрегімен сезіне білетін денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлерінің, медбикелер мен дәрігерлердің ерен еңбегінің дүйім жұртшылықпен бағаланатын күні деп есептеуге болады. Сіздердің толас-сыз еңбектеріңіздің өлшемінде өмір қуанышымен қайта қауышқан талай адамдардың тағдыры тұр. Сіздердің тәжірибелеріңіз, жанашырлықтарыңыз, мейірім мен кәсіби адалдықтарыңыз ақ халатты жандарды қоғамның ең биік сатысына шығарды. Біздің әрқайсымыз өмір мен денсаулықтан, жақын туғандарымыздың өмірі мен денсаулығынан артық құндылық жоқ екенін түсінеміз. Дәл осы баға жетпес құндылықты сақтап қалуға негізделетін аса жоғары жауапкершілік Сіздерге жүктеледі.

Сіздердің өмірлеріңізге тек жақсылық, шуақты күндер мен қуанышты сәттер тілейміз. Жақсылыққа деген сенімдеріңіз артып, кәсіби парыз бен өз мамандықтарыңыз үшін мақтаныш сезімі әрдайым алға жетелесін. Осындай игілік нұрын төгіп, бүгінгі көлеңкесі қатар жүретін кезеңде ерінбей еңбек етіп, халыққа қызмет ете білгендеріңіз үшін алғысымызды білдіргіміз келеді.

Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

Аудан әкімі **Х.ОМАРОВ**

аудандық мәслихаттың
хатшысы **Т.СЕЙТЖАНОВ**

**«Ұлытау өңірі»
газетінің жартыжылдығына
жазылу бағасы:
жеке тұлғалар үшін –
1000 теңге,
мекемелер үшін – 2000
теңге**



Жезқазған 77-33-23
Сәтбаев 7-05-55
8-777-707-05-55
8775-158-57-23

Әр айдың екінші және төртінші
сенбі немесе жексенбілері сайын

**Ресейлік және Белоруссиялық
үстел үстілік газпиталардың
редукторларды
сатамыз**

Тегін жеткізіп әрі орнатып
береміз
Бос үлкен
газбаллондарды
сатып аламыз



Жалғасы 6-бетте

Рахымжан ӘДЕНҰЛЫ

**Дәрігерде қыранның көзі, арудың саусағы, жыланның
даналығы, арыстанның жүрегі болуы керек**

Әбу Әли ибн Сина.

Ықылым заманнан қоғамның байлығы – адам десек, адамның басты байлығы – денсаулығы! Пенденің ғұмырының ұзақтығы, оның денінің саулығына да тікелей байланысты. Тосын келген ажал болмаса, денсаулығы мықты, әлеуметтік-тұрмыстық жай-күйі жақсы, көңілі көтеріңкі әр адамның ұзақ

жасайтыны ғылыми тұрғыдан әлдеқашан дәлелденген. «Басы ауырып, балтыры сыздамайтын» пенде жоқ бұл өмірде! Ал егер адам баласы ауырып-сырқай қалса, медициналық көмекке жүгінері де белгілі. Міне, осындай сәттерде науқастанған адамға медицина қызметкерлері көмекке келеді. Дәрігердің білімі мен біліктілігі, кәсіби шеберлігі мен тәжірибесі таразыға түсетін шақ та осы. Адам жанының арашашысы – дәрігер болуға екінің бірі тәуекел ете бермейді. Науқас адамның тағдырына – емдеуші дәрігер жауапты! Жауапкершілігі аса жоғары, алдына дертіне ем іздеп келген жанға жылы сөзімен, шипалы қолымен, мейірімді жүрегімен күш-қуат беретін дәрігерлік мамандық – ең қастерлі де құрметті мамандық!

Құрметті Мемлекеттік қызметкерлер!

Адамзат кез-келген жұмыстың, әр мамандықтың абыройлы екендігін және адамның өз жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен қарап, қаншалықты ынта-жігермен жұмыс істейтініне байланысты болатынын әрқашан мойындап отырған. Барлық кәсіптің айрықша мәні және маңызы бар. Әр кәсіптің өзіндік жұмыс ерекшелігі, өзіндік қайталанбас тарихы бар, өз құндылығы және өз біліктілігі бар. Әрине, осы тұста мемлекеттік қызметкерлердің орны ерекше екенін айтпаса да түсінікті. Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында өркендеп келе жатқан мемлекеттік қызметкерлерді кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге шынайы көңілмен дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, мемлекеттік қызметте тұрақтылық пен жаңа белестерге жете берулеріңізге игі тілегімізді білдіреміз.

Аудан әкімі **Х.ОМАРОВ**

аудандық мәслихаттың
хатшысы **Т.СЕЙТЖАНОВ**

Құрметті Ішкі істер саласының қызметкерлері!

Ішкі істер органдары - қоғамдағы құқықтық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік биліктің ең маңызды құрылымдарының бірі болып табылады. Сіздердің мамандықтарыңыз өте үлкен жауапкершілікті талап ететіндігі бәрімізге мәлім. Тандаған жұмысқа әрі қабылдаған антқа деген адалдық, рух беріктігі және жауапкершілік полиция қызметкерлерін әр уақытта даралап келген.

Полиция қызметкерлерінің өмірінде қайсарлық пен табандылықтың, кәсібиліктің үлгілері аз емес. Мереке күні ішкі істер органы қызметкерлеріне ерекше алғыс лебізімізді жолдаймыз. Құқықтық тәртіптің нағыз қорғаушылары адам өмірінің тыныштығы мен амандығын сақтап, қоғам ішінде тәртіп пен тұрақтылықты орнатып, өзінің қызметтік борышын лайықты орындап жүрген полиция қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтай отырып, жұмыстарына үлкен жеңістер мен сәттіліктер тілейміз. Алдағы уақытта да еш аянбай мемлекетіміздің тыныштығын қадағалап, еліміздің амандығына үлкен жауапкершілікпен қарай берулеріңізге тілектеспіз.

Аудан әкімі

Х.ОМАРОВ

аудандық мәслихаттың
хатшысы

Т.СЕЙТЖАНОВ

23 маусым – Мемлекеттік қызметкері күні

Биыл екінші рет мемлекеттік қызметшілер күні аталып өткелі отыр. Бұл кәсіби мерекенің мәні де, маңызы да ерекше. Өйткені, мемлекеттік қызмет саласы – ел дамуының ең негізгі тетігі, елімізді өрге жетелейтін басты локомотив. Осы айтулы мереке қарсаңында біз Ұлытау ауданы әкімі аппаратының жетекшісі Ерлан Өткелбаевпен әңгімелескен едік.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ҮЛКЕН САЛА

– Өңгімені әуелі мемлекеттік қызмет саласындағы соңғы өзгерістерден бастасақ?

– Мемлекеттік қызмет – өз алдына үлкен сала. Ел ішінде «Кадр бәрін шешеді» деген де сөз бар. Расымен де кадр мемлекет дамуының басты негізі, тіпті тетігі дегуге болады. Осы орайда еліміздің мемлекеттік қызмет саласын ұдайы дамытып отыруды қашанда негізгі саясат етіп ұстанып отырғандығын атап өткім келеді. Өйткені, білікті кадр – еліміздің дамуы, мемлекетіміздің өркеніетті елдер қатарынан орын алуының негізгі тетігі деген сөз. Әлемнің ең дамыған үздік отыз елінің қатарынан көрінуге ұмтылып отырған Қазақ елі үшін білікті кадр саясатын табысты жүргізу маңызды дейтініміз де осыдан.

Ал, мемлекеттік қызмет саласындағы басты жаңалық – меніңше, «А» және «Б» корпустарының өмірге келуі. Бұл корпустардың салаға енуі мемлекеттік қызметкерлердің іріктелуіне, былайша айтқанда, салаға өз ісінің кәсіби шеберлерінің ғана енуіне жол ашты.

– Өзіңіз жетекшілік ететін әкім аппаратындағы мемлекеттік қызметкерлердің сапалық құрамы жайлы не айта аласыз?

– Бүгінгі таңда әкім аппараты мен жергілікті атқарушы органдарда қызмет ететін мемлекеттік қызметкерлердің жалпы саны 145. Олардың 16-сы аудан әкімінің аппаратында, 77-сі кенттік, селолық әкімдіктер аппаратында қызмет етеді.

Оларды жікке бөліп айтар болсақ, 3 қызметкер зейнет жасына жақындаған. 41 қызметкері әйелдер. Оның 1-еуі басшылық қызметте. Ал, қалған 61 қызметкер ер-азаматтар. Бұл биылғы жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша мәлімет. Ал, өткен 2014 жылы аудандағы мемқызметкерлердің 43-і әйелдер болса, оның 2-еуі басшылық қызметте болған, 60 қызметкері ер-азаматтар болды.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметкерлердің 108-і ғана жұмыс істеп отыр, ал 38 орын бос тұр.

– Мемлекеттік қызметке келуге не кедергі келтіріп отыр?

– Мынау дейтіндей нақтылы кедергілер жоқ. Біз белгіленген кесте сайын уақытылы бос орындарға конкурс жариялап келеміз. Өткен жылы 6 рет бос орындар конкурсы жарияланса, биылғы жылдың алғашқы алты айының өзінде 2 рет конкурс жарияланды. Былтыр 11 адам ғана қызметке алынды. Биыл 7 адаммен шектеліп отырмыз. Мүмкін екінші жартыжылдықта тағы азаматтар өтініш бере жатар. Десекте, қызмет істеуге ниет білдіріп, құжаттарын өткізіп жатқан адам жоқ.



Ұлытау ауданы бойынша бос мемлекеттік қызметші лауазымдарына конкурс облыстық «Орталық Қазақстан» және «Индустриальная Караганда» басылымдарында орналастырылады.

Мемлекеттік қызмет бойынша ауданға қажетті басым мамандықтар ветеринария және жоғары техникалық білімі бар мамандар. Мысалға 2011 жылдан бастап 14 кент, селолық округ әкімі аппараттарында ветеринария мамандары бос. Бірнеше мәрте конкурс беріліп, нәтижесі болмады. Себебі маман жоқ. Болған жағдайда арнайы тестілеуден өтпей жатады. Университет түлектерімен тұрақты жұмыс жүргізілуде.

– Мамандардың біліктілігін арттыру және резервтер әзірлеудің жай-жапсары туралы айта кетсеңіз?

– Бізде мамандардың біліктілігі мен білімін арттыру нақтылы кесте бойынша жүргізіледі. Атап айтар болсам, өткен жылы 27 маман біліктілігін арттыру бойынша, 22 маман қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өтті. Оған жергілікті бюджеттен 740,000 теңге қаржы бөлінді.

2015 жылға да аудан әкімінің Әкімімен Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарының кестесі бекітілді. Бекітілген кестеге сәйкес жылдың бірінші жартыжылдығында 11 адам біліктілігін жетілдіру, 4 адам қайта даярлау курсынан өтті. Бұл бағытта 565,000 теңге қаржы жұмсалынды.

Резерв жайлы айтар болсам, «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңына сәйкес және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесі негізінде аудан әкімдігінің қаулысымен «Ұлытау ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын аудандық атқарушы органдарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудан

өткізу әдістемесі бекітілді. Бекітілген әдістемеге сәйкес жыл сайын әр мемлекеттік қызметшіге бағалау жүргізіледі. Мемлекеттік қызметші екі жақты бағалаудан өтеді: өзінің тікелей басшысының және әріптесі немесе бағынышты қызметшінің бағалауынан.

Мемлекеттік қызметшілердің сапалы құрамын талдау мақсатында және әкім аппараты мен

жергілікті атқарушы органдарының жұмысына нақты талдау жүргізу мақсатында ай сайын және тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне бос орындар туралы саны бойынша есеп, тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар туралы ақпарат ұсынылады.

– Жер-жерлерде мемлекеттік қызметкерлер жемқорлық фактісімен темір тордың артына тоғытылып жатқандығы жөнінде жиі еститін болдық. Тіпті, бұл факт бүгінде

елді аса бір елеңдете қоятын жаңалық болмай да қалды. Мұндай оқиғалардың көбеюі мемлекеттік қызметтің беделін түсірмей ме? Жалпы, ауданда осындай келеңсіздіктердің алдын алу шаралары қалай жүріп жатыр?

– Осындайда «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген қазақтың тауып айтқан даналық сөзі еріксіз еске түседі екен. Меніңше, бұл мәселенің екі жағы да бар. Шенеуніктер арасындағы жемқорлық фактілердің көбеюі, әрине, белгілі бір дәрежеде мемлекеттік қызметтің беделіне салқынын келтіреді. Дейтұрғанмен, жемқор әріптестеріміздің темір тордың артына тоғытылуы бір жағынан елдің заңы бар екенін, оны белден басудың соңы бәрібір жауап берумен аяқталатынын қоғамның есіне қайта-қайта салып отыр. Осындай сұрақты дәл қазір сіз бен біз талқылап отырмас үшін де елімізге жемқорлықпен күрестің жаңа тетіктері іске қосылып жатыр.

Ауданда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін қадағалап отыру мақсатында арнайы бағдарлама жасалынған. Соған сәйкес аудандық әкімдік пен «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы ауқымды шаралар өткізуде. Дөңгелек үстел, қоғамдық тыңдау, талқылаулар жоспарға сай өтуде. Мұның сыртында жергілікті ақпарат құралдары арқылы да мақалалар жиі жарияланып, мемлекеттік қызметкерлер мен мекеме басшыларының пікірлері беріліп тұрады. Сенім телефондары мен арнайы сайт та жасалынған. Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын ашу мақсатында да нақтылы жұмыстар жасалынып келеді.

– Өңгімеңізге рахмет! Мереке құтты болсын!

Сұхбаттасқан
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

100 қадам – қарышты даму жолы

100 НАҚТЫ ҚАДАМ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамы белгіленді. Бұл күрделі сыннан сүрінбей өтудің берік алғышарттарын айқындайтын жол. Оның ішінде медицина саласына айрықша көңіл бөлінді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізудің жолы 80-қадамда көрсетілген. «Мемлекет жұмыс беруші және азаматтық ынтымақтасқан жауапкершілігі қағидаты негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын күшейту. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) басымдылықпен қаржыландыру. Бастапқы көмек аурудың алдын алу және ерте бастан күресу үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық буынына айналады» – делінген. Осы қадам медицина саласына оң өзгерістер енгізудің игі бастамасы. 82-қадамда тағы да медицина саласын дамытуға бағытталған. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі қасында медициналық қызмет сапасы бойынша бірлескен комиссияны құру. Басты мақсат – медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы стандарттарын енгізу жолға қойылған.

Алдағы уақытта жүзеге асырылатын осы қадамдар ел игілігіне септігін тигізеді ақиқат. Медицинаның дамуына қазақстандықтардың денсаулығына зор ықпалын жасайды. Ұлттық денсаулық сақтау орталығына елеулі өзгерістер енгізетін жаңа қадам. Осы «100 қадам» кемеңгер Елбасымыз Н.Назарбаевтың көрегенділікпен жасалған бағдарламасы. Сондықтан, бұл – қадам болашаққа бастайтын ізгі жол.

М.ДҮКЕНБАЕВ,
аудандық аурухананың балалар дәрігері.

ТУРИЗМДІ ДАМУ – КЕЛЕШЕККЕ БАСТАР ЖОЛ

Елбасы Н.Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында бес институттық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамын белгілеп, келешекке бастар жолдың әр қадамын анықтап берген болатын. Қазақстан халқы өз жолын таңдап, жаңа тарихи кезеңге аяқ басып отыр. Түпкі мұратымыз өркениетті 30 елдің қатарына ену десек, биіктерге бастайтын бағдарламалардың шешілуіне қалың жұртшылық болып атсалысқанда ғана алға қойған мақсатымыздың қапысыз орындалатыны анық. Бүгінде Ұлытау өлкесіндегі тарихи ескерткіштерді әлемге әйгілету алда тұрған міндет. 57-қадамды «Туристік кластерлер құруда үздік тәжірибесі бар стратегиялық инвесторлар тарту» жөнінде бағытталған. Бұл біздің Ұлытауда туризмді дамытуға септігін тигізеді деген ойдамын. Ал, 87-қадамда «Менің елім» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, оның аясында технологиялық жобалар серияларын іске асыру қарастырылғаны белгілі. Соның бірі – «Қазақстан энциклопедиясы» кең көлемді интернет жобасын құру, мұндағы басты мақсат – әрбір азаматқа және шетелдік туристерге ел туралы көбірек білуге көмектесу жөнінде нақты тұжырым бар. Осының бәрі Тәуелсіздіктің арқасы екенін біз сияқты жастар толық біледі. Біз еліміздің жарқын аяғын толық сезіндік. Мемлекетке сеніммен қараймыз, келешекке үмітпен қарап, нақты қарыштап қадам баса аламыз.

Жаңа Қазақстанның жаңа ұрпақтары осындай болуға тиіспіз деп санаймыз.

М.ӘБДІКӘРІМОВ,
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи-қорық мұражайының археология бөлімінің меңгерушісі.

Төтенше жағдай

БЕЛГІСІЗ АУРУ МАЛДАРДЫ БАУДАҰ ТҮСІРУДЕ

«Ұлытау ауданының Қаракеңгір ауылында белгісіз кеселден төрттүлік қырылып жатыр», деген хабар елді елең еткізгені даусыз. Тіпті, еліміздің БАҚ құралдары жұртшылықты сақтық шараларына шақырғанын да ел естіді. Осы бір төтенше жағдай жайлы нақтырақ білу үшін біз аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Өмірсерік Рүстемовке жолыққан едік.

– Иә, Қаракеңгір ауылында осындай бір белгісіз кесел малдарды баудай түсіруде. Бүгінгі күнге дейін 200-дей бас ауруға шалдыққан екен. Оның 100-ін емдедік. Ауырған малдардың дені бұзау, торпақ пен ұсақ мал. Аузы мұрны, желіндері мен аша тұяқтың арасы іріңдеген, мал жүруден қалады екен. Өлген малдар ауыл іргесіндегі полигонда өртелді.

Ауылдық округтен малдың әкелінуі, шығарылуына шектеу қойылды. Бүгінгі күдіктеніп отырғанымыз ол инфекциялық аурулар. Себебі биылғы жылғы туған төлдердің арасында пастерелиоз ауруына ұқсас белгілер қатты байқалады, – дейді маман.

Бұл белгісіз кеселдің су тасқыны, Бетпақдалада қырылған киіктерден жұғуы мүмкін деген де болжам бар. Өйткені дала тағысы қырғынға ұшыраған Қостанай облысы Қаракеңгір ауылынан 150 шақырым жерде ғана. Қазір ауру малдардан алынған қан сараптамаға жіберіліп, ауылда шектеу жарияланған.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

СҰХБАТ

Жуырда Ұлытау ауданының №2 аудандық сотының төрағасы М.Жұмажановпен жаңадан жұмысын бастаған тергеу судьясының міндеті мен құзіреті жөнінде сұхбат-тасқан едік. Төменде сол сұхбатты жариялап отырмыз.

—Жаңадан жұмысын бастаған тергеу судьясы жөнінде айтып өтсеңіз?

—Ағымдағы жылдың басынан қолданысқа енгізілген ҚР Қылмыстық процесстік кодексінің бір жаңалығы — тергеу судьясы институтының енгізілуі. Аталған Кодекс, үлкен бір заңгерлер қоғамы тарапынан мұқият талқыланып өмірге келді деп айтсам артық емес. Талас-пікірлер қызу болған. Кодекске кіргізілген



сында аталған тұлғалардың жауаптары сот отырысында жарияланады, яғни, сақталған айғақ, тергеу судьяларымен алынған дәлелдеме ретінде қолданылады. Айта кететін жағдай, аталған тұлғалардың басты сот отырысында объективті себептерге, яғни бола алмауына байланысты айғақтар сақталады. Жаңа Кодекс қолданысқа енгізілгеннен бастап, соттар қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтара алмайды. Мұндай жағдайда тергеу судьясы институтының өмірге келуі үлкен жетістік деп айтуға болады. Себебі, оған қылмыстық істің жан-жақты толық тергелу жауаптылығы

СОТТЫҢ БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ

новеллалар аз болған емес, оның ішіндегі тергеу судьясының құзіретін анықтау сот қадағалау функциясын жоғары бір деңгейге көтергені. Елбасы Н.Назарбаев Қазақстанның сот жүйесі алдыңғы қатарда болуы қажет, деп «Қазақстан-2050 стратегиясында» анықтап көрсеткен болатын.

Міне, Тәуелсіздік алғанымызға көп уақыт болмаса да сот төрелігін заман талабына сай жаңғырту үзіліссіз жүргізіліп келеді. Сот билігінің тиімділігін жүзеге асыру аса қажет. Заңда, яғни Қылмыстық процесстік кодекске тергеу судьясының (55-бап) өкілеттіліктері нақты көрсетілген, оның ішінде күзетпен ұстауды санкциялау, үй қамақты санкциялау, кепілді қолдану, лауазыммен уақытша шеттелуді санкциялау, мүлікке тыйым салуды санкциялау, т.б.

—Тергеу судьясының бақылау функциясының күшейтілуі жөнінде айтып өтсеңіз?

—Қылмыстық процесстік кодекс біріншіден азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Кодексте көрсетілгендей тергеу судьясы анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), жеке шешімдеріне жасалған шағымдарды қарайды. Тергеу тәжірибесінде кейбір жағдайларда істердің мән-жайлары толық, жан-жақты тексерілмеу фактілері кездеседі. Ол кейде анықтаушы, тергеушінің тәжірибесінің аздығынан, жұмысбасты болғанда анықталады. Бұл жерде айыпталушы, оның қорғаушысы тергеу судьясына шағым жасап, тексерілуге жататын жағдайларды тексеру үшін анықтаушыны, тергеушіні міндеттеуді өтінеді.

Қазіргі кезде қорғаушы ретінде қатысатын адвокаттың өкілеттілігі күшейтілген. Оның уәжді өтініш хаты бойынша тергеліп жатқан қылмыстық іс үшін маңызы бар мәліметтерді,

құжатты, нәрселерді тергеу судьясы талап етіп алдырады және қылмыстық іске қосуға құқығы бар. Бірақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер сұратып алынбайды. Адвокаттар өздері де қажетті құжаттарды, мәліметтерді сұратуға құқылы. Олар тарапынан сұраулар жауапсыз қалғанда тергеу судьясына шағымданады. Қылмыстық қудалау органдары куәлардан жауап алу барысында маңызды жағдайларды тексеруді кейде ұмытып кетеді. Мұндай жағдайда жауап алынған куәні қайта әкелу мәселесін тергеу судьясы шешеді. Сараптама тағайындау мәселесі де назардан тыс қалатын уақыт болады. Дәлелді өтініш түссе тергеу судьясы іс бойынша сараптама тағайындайды. Өлім фактілеріне байланысты қылмыстық істер тергелгенде істің мән-жайын жете анықтау үшін мәйіттің денесіне зерттеу жасау керектігі де туындайтын жағдайлар болады. Мәйіт жер қойнында, ал мәйітке эксгумация жасауды тергеу судьясы шешеді. Әрине, бұған өте қажеттілік болса ғана. Енді айғақтарды сақтауға қоятын мәселелерге тоқталып өтсем. Қазіргі қызу өмір ағымында жүргенде барлық адамдар өздерінің қоныстанған жерлерінде әрдайым тұрады деп айтуға болмайды. Біреуі шетелге кәсіпке байланысты кетсе, екіншісі сондай жерлерге ем алуға барады. Үшіншісі тағы да терең білім алуға, мәселен «Болашақ» бағдарламасымен кетуі мүмкін. Мұндайда сот отырысын өткізу кезінде ондай адамдарды сотқа алдыру өте қиын екені бәрімізге түсінікті. Айыпты адам қамауда болуы мүмкін, сот отырысын өткізу заңда өте қысқа мерзімде қарастырылған.

Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (депонирование наказания немесе айғақтарды сақтап қою) ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап қолданыстағы жаңа кодексте арнайы қаралған. Нақты айтқанда, сотқа дейінгі өндіріс бары-

жүктелген. Тергеу судьясы қажет болған жағдайда өтінішті қарау барысында өзінің құзіреті шегінде қылмыстық істің барлық материалдарымен танысып, зерттеуге құқылы.

—Прокурорлық қадағалау сот тарапынан жүргізілетін бақылауға қайшы келмей ме, осы туралы не айтасыз?

—Жаңа Кодексте, өзге елдердің тәжірибесіне сүйене отырып «процессуалдық прокурор» тұлғасы қарастырылған. Ескі қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі тергеуалды тексеру, қылмыстық іс қозғау институты жойылған. Жаңа Кодекс бойынша нақты тергеуден басы түскен арызды тіркеуден және оған негіз болған қылмыстық құқықбұзушылық немесе бірінші жедел тергеу әрекеттер жөнінде хабарлама жасауға болады. Процессуалдық прокурор тергеу басталған сәттен ол біткенше, нақты іс бойынша шешім шығарылғанға дейін қылмыстық қудалау органының заңды сақтауына қадағалау жасайды. Әрбір тергеліп жатқан іске тергеу судьясы араласпайды ғой, ал оларға ұдайы қадағалау прокурорға жүктелген. Сот бақылауы прокурор тарапынан жүргізіліп отырған қадағалауды толықтырып отырады деп айтсам артық кетпеймін. Екі жақтың істейтіні бір жұмыс, атқаратын функциялары заңмен шектелген. Басында тергеу судьясының өкілеттілігі жөнінде айтып өттім, ол заңда (55-бапта) көзделгені туралы. Бірақ, ол кодексте көзделген өзге де өкілеттіліктерді орындай алады.

—Сіздің сотта тергеу судьясының міндеттерін қай судья жүргізеді?

—Біздің сотта екі судья жұмыс істейді, ал мен сот төрағасының қызметін атқарумен қатар тергеу судьясының функциясын орындаймын.

Сұхбат бергеніңізге рахмет!

Сұхбатты жүргізген
М.МАШАЙЫҚҰЛЫ.

МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ҚР-ның 2014 жылғы 30 маусымдағы №213-V «ҚР азаматтарының, оралмандардың және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлікті жария етуіне байланысты оларға Рақымшылық жасау туралы» Заңын орындауда Ұлытау ауданы аумағында 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мүлікті жария ету бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Аталған Заңға сәйкес, мүлікті жариялау бағыттары бойынша жүзеге асырылады: ақша; бағалы қағаздар; заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі (бұдан әрі — қатысу үлесі); оған құқық немесе ол бойынша мәмілелер ҚР-ның заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын, басқа адамға ресімделген жылжымайтын мүлік (ғарыш объектілерінен және магистральдық құбы-



рлардың желілік бөлігінен басқа); құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін, ҚР-ның аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар); ҚР аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлікті жария етуге жатады.

Мүлікті жария ету үшін ұсынылатын құжаттар тізімі:

Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуді өткізу үшін жария ету субъектілері комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Заңда белгіленген нысан бойынша екі данада мүлікті жария етуді өткізуге өтініш (бұдан әрі — өтініш);
- 2) өтініш берген кезде салыстыру үшін түпнұсқасын көрсете отырып, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) Заңда көзделген жағдайларда қосымша өзге құжаттар. Ол құжаттар:

Басқа тұлғаға ресімделген мүлікті жария ету үшін қажет құжаттар:

- 1) мүлікке құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі (нотариат куәландырған);
- 2) басқа тұлғаның мүлікті жария ететін жария ету субъектісіне мүлікті өтеусіз бергені туралы шарттың көшірмесі (нотариат куәландырған);

Құқықтары ҚР-ның заңнамасына сәйкес ресімделмеген, ҚР-сы аумағында тұрған жылжымайтын мүлікті жария ететін жария ету субъектілері комиссияға мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) ғимараттар мен құрылыстарды объектінің құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан техникалық тексеруді жүзеге асыратын сарапшының қорытындысын;
- 2) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортын ұсынады.

Жария ету мерзімі ішінде берілген мүлікті (ақшадан басқа) жария ету туралы өтініш комиссияға, салық органына берілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады.

Жария етілетін мүлік жөнінде ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жария ету субъектілері жауапты болады.

Жария етілген мүлікті ресімдеуге байланысты ҚР-ның заңнамасында көзделген барлық шығысты жария ету субъектілері дербес төлейді.

Тағы да еске сала кететін мәселе, мүлікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады. Мүлікті (ақшадан басқа) жария етуге құжат ұсынуға арналған құжаттарды беру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйектен басталып, 2015 жылғы 30 қарашада аяқталады.

А.БІРАЯҚОВА,
мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі
аудандық комиссияның хатшысы.

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ

Терісаққан өзенінің жағасында Қара-обаның (Ковильный кеңшары) шығыс жағында 3-4 шақырым жерде, бір дөңестің үстінде жалғыз тал жайқалып өсіп тұр. 1960 жылы осы жерде Шеңбер кеңшарының №1 фермасының орталығы болған. Қатпа мен жалғызталдың арасындағы жазыққа егін салып, өнім алатын. Мен сол фермада шофер болып еңбек еттім. Бір күні осы фермаға 100-ден асқан Құлыбек деген ақсақал келді. Оны Шойындықөл деген жерден мен алып келдім. Жалғызталдың жанынан өтіп бара жатыр едім, ақсақал кенеттен: «Балам тоқта, анау жалғызталға қарай бұрыл» деді. Машина-ны жалғызталдың жанына келіп тоқтатты. Қария асығыс-үсігіс машинадан түсіп: «Ой, жарықтығым-ай, мен сені құрап қалған шығар деп ойлап едім, Бопай мен Жанайдарды көргендей болдым ғой», деп талды құшақтап, жапырақтарын сипап біраз тұрды. Бір кезде, —балам, бері кел, мына талды кім еккенін, неге «Жалғызтал» деп атанғанын білесіңдер ме?—деді. —Мен «жоқ» деп жауап бердім.

—Бұл талды Кенесары ханның апасы Жанайдар батырға ескерткіш ретінде еккен... Сөйткенше ферма басқарушысы Бишен Кәкен бастаған бір топ адам жиналып 100-ден асқан қарияға сәлем берді. Құлыбек атамыз 100-ден асса да өте ширақ, тіпті жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне қарағанда ол кісіні жүзден асқан адам деп айту қиын. Жиналған көпшілікке қарап маған қойған сұрағын қойды. Ешкім «білеміз» деп айта алмады. Тек Ыбырайдың Қарасы «шын-өтірігін білмеймін, Жанайдар батырға арнап Кенесары ханның апасы егіпті» дегенді құлағым шалғаны бар еді бала кезімде»—деді.

—Айтқанды ұқпаған құлақты кесіп-тастау керек, деп кеңілдеп күліп алды да «қасында жүріп бұл жалғызталдың тарихын білмеулерің дұрыс емес. Өзеннің жағасына қарашы жағалай тал-шілік өсіп тұр. Сонда бұл неге «Жалғызтал» деп аталды? Бұл жердің бұрынғы аты «Құмөткел» еді ғой. Оны да білмейтін шығарсыңдар»—деді. —Жарайды, жайғасып отырған соң айтарсыз. Сізге арнаған дөм дайын тұр — деді ферма меңгерушісі Кәкен. Ақсақал көпшілікпен бірге үйге беттеді. Жүрісі ширақ. Омырауын жауып,

«ЖАЛҒЫЗТАЛ» ТАРИХЫ

кіндігіне дейін түсіп тұрған ақ сақалын сипап қойып: «Ой, жарықтық, туған жердің ауасы-ай. Сені көруді, ауанды жұтуды нәсіп еткен Аллаға мың да бір шүкірлік», деп жерден топырақ алып иіскеді. Мен Ыбырайдың Қарасынан, «Бұл кісі осы жердің кісісі ме?» деп сұрадым. —Кешегі Қызылдардың қолдан жасаған ашар-шылығы кезінде Есіл жағасына көшіп кеткен. Екі ағайынды еді, кішісінің атын ұмытып қалдым—деді.

Әлқисса, бәріміз ферма меңгерушісінің үйіне келдік. Әрине, шоферға төрүіден орын бола қоймайтыны белгілі. Алайда, мен жаңағы «Жалғызтал» тарихын естігім келіп, төрүйдің төменгі жағына барып отырдым. Шәй үстінде жаңағы әңгіме қайта басталды. —Кенесары хан Көкшетау жағынан келе жатып осы жерге аялдапты. Самсаған сарбаздарына бұл жердің бір талына да тимеу жөнінде бұйрық береді. Өйткені, ит тұмсығы батпайтын өзен жағасындағы қалың талға тимесін деп Жанайдар батыр қажетті отындарды алдын ала дайындатып қойған. Және Ханнан бұл жердің талына тигізбеуді өтінген. Кенесары ханның апасы Бопайдың Жанайдарда көңілі болады. Олар жасырын кездесіп, осы жерде екеуінің арақатынасы тереңдеп кетеді.

—Біздің келешегіміз бұлыңғыр. Соғысқа кіргенде одан тірі қаламыз ба, жоқ па, оны бір құдай ғана біледі. Осы жерге саған арнап ескерткіш қалдырғым келеді. Мынау дөңге мен бір тал еккім келіп тұр. Бұл өлмейтін ескерткіш болады ғой—дейді Бопай.

—Неге бір тал, мен де бір тал отырғызайын—дейді.

—Жоқ—дейді Ханның апасы. Онда менің ескерткішім болмайды. Сен орнын қаз, мен шыбықты отырғызайын—дейді.



Сөйтіп, Бопай осы талды отырғызады. Ол бір тал шашын жұлып алып шыбықтың басына байлайды да бір өтініш айтсам қабылдайсың ба, батырым—дейді.

—Айта ғой—дейді. —Онда егілген жалғыз ағаш, менің жалғызтал шашымды есіңе түсіретін бұл жердің атын «Жалғызтал» деп атаса деймін. Оған қалай қарайсың—дейді. Жанайдар күліп, «құп болад, тақсыр»—дейді. Содан бері бұл жер «Жалғызтал» деп аталады. Ол талдың жалғыздығын айтып тұрған жоқ. Бұл Бопайдың жалғызтал шашының атымен аталып тұр. Бұрыннан келе жатқан аты «Құмөткел» болатын—деді қария. Бұл арақатынас салдарынан батыр өмірімен

қоштаса жаздапты, деп жалғастырды әңгімесін. Желдіадырдың бауырында «Төреқонған» деген бұлақ бар (ол бүгінде де солай аталады). Сол бұлақтың басына барып-қонып жатқанда, Ханның бір қолшоқпары Бопай мен Жанайдардың арасында қарым-қатынасты жеткізеді. Мұны естіген Хан бас уәзіріне «анық-қанығын білуді тапсырады, егер анық болса Жанайдардың басын аламын»—дейді. Сол түні қырсыққандай Бопай мен Батыр кездеседі. Мұны көрген бас уәзірі ханға келіп, «өзінің көзімен көргенін, бұл сыбыстың шындық екенін айтады». Терісіне сыймай ашуланған Хан Жанайдар батырды тез тауып-алып келіндер. Мен оның басын аламын—дейді. Мұны ағасына кіріп келе жатқан Бопай естіп қалады да, Батырға жеткізіп қашып кетуін өтінеді. Бірақ Батыр оған көнбейді. Не болса да алдына баруға бекінеді. Кенесары шатырының екі босағасына екі сарбазды қойып, мен «шап» дегенде Жанайдардың басын шауып тастандар—дейді. Батырдың қару-жарағын алып, Ханға кіруді ұсынады. Жанайдар есіктен кіріп келгенде Хан «шап» деп бұйрық берген кезде Батыр атылып барып ханның тұсында тұрған наркескенді алып: «Тақсыр, кімді шабайын?» деп, қылышты көтерген бойы қасқайып тұра қалды. Сол кезде есіктен Бопай кіріп келіп, «Тақсыр, Жанайдарды «арыстаным» деуші едіңіз ғой. Ал арыстан аңдардың патшасы, ол көз алдында бұлаңдаған қызыл түлкіні бағындыра алмаса арыстан бола ма, Жанайдардың басын алатын болсаңыз, менің де басымды алыңыз, «тана көзін сүзбесе, бұқа бас жібіп үзбейді» деген. Егер Батырдың басын алып, менің басымды алмайтын болсаңыз, мен өз басымды өзім алуға ант етемін—деп ханның алдында тізерлеп, қылышын алқымына апарып отыра қалыпты. Сөйтіп, Бопай Батырдың жанын сақтап қалыпты—деп қария әңгімесін аяқтады.

Бұл кісінің айтқан әңгімесін кейін кейбір үлкен кісілердің де аузынан естідім. Соған қарағанда бұл әңгіменің шындық екеніне күмәнім қалмады және Кенесары Қасымұлының баскесер емес, көшірімі көп, мейірімді, сөзге тоқтайтын, зұлымдыққа соқпайтын әділ хан болғанына көзім жетті.



Біз балалығымызды ересектікпен айырбастадық,- дейді қарт анамыз тыл ардагері Шайкөзова Күлжан Тұрсынмұратқызы.

Міне, Ұлытау ауданының Егінді ауылында тұратын Күлжан Шайкөзова деген қарт анамыз осылай деп толғанды. 1929 жылы маусым айында Қарсақбай ауылы «Бала Жезді» деген елді мекенде дүниеге келген. Қарт анамыздың жасы биыл сексеннің алтауында. «Сыры кетсе де, сыны кетпеген» дегендей, сөзі пысық, қара сөзге шешен, өлең шығаратын ақындығы да бар. Яғни, Күлжан анамыз — сонау Ұлы Отан соғысы жылдарының қиындығын көзбен көрген көнекөз қариялардың бірі. 1941 жылы Қарсақбай ауылына көшіп келіп, сол жердің мектебінде екінші сыныпқа оқуға қабылданған. Бас көтерер ер-азаматтар майданға кетіп жатты. Мектеп балалары аш-құрсақ, жүдеу-жадау күйде оқып жатты. Балалар да, мұғалімдер де үстеріне бар табылған киімдерін киіп, сабаққа келетін. Ал сабақтан тыс кезде

күні-түні майдандағы жауынгерлер үшін анам жүн иіріп, мен жүн қолғап, шұлық тоқитын едім — дейді қарт анамыз. Сол кездері бір үйде сегіз жан тұрамыз, анам ауырып жүрді. Мен анамды аядым да үш ай ғана оқып, оқудан шығып кеттім. Содан кейін 1943 жылы жазда Алғабас ауылында «Бөрілі» деген жерге көшіп келіп, әкем мал бақты, мен қозы бақтым. Өмірдің қиыншылығын көп көрдім. 1945 жылы жазда Шайкөзов Мұқанға тұрмысқа шықтым. Қаракеңгір ауылында пошта қызметінде жұмыс істеп, абыроймен атқарып, пенсияға шықтым. «Бұл тек сенің отбасыңа ғана емес, ел басына күн туған қиын заман» деп өз-өзімізге жұбату сөз айтатынбыз. «Ия, талай бір қилы заман өтті ғой» дейді Күлжан анамыз. Жұбайы, марқұм Мұқан Шайкөзов атамыз Ұлы Отан соғысының ардагері, екеуі ұлағатты ұл мен қыз өсірді. Қазіргі таңда қарт анамыз ұлы Назымбек пен келіні Гүлнардың, немере-шөберелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Оның омырауында «Тылдағы еңбегі үшін», «Алтын алқа» және «Күміс



алқа» медальдары жарқырайды. Ұлы Жеңістің 70 жылдығын да көріп отырмыз. Қашанда тілейтініміз тыныштық, ел бірлігі мен ынтымағы. «Тоғызыншы май» атты өлеңімді шын жүрегіммен Жеңістің 70 жылдығына арнап жазып отырмын — дейді қарт анамыз.

ТОҒЫЗЫНШЫ МАЙ

1945 жылдың 9-шы мамыры еді, Куаныш хабар келіп, Жеңіс туы желбіреді. Жау жеңілді, жауды жеңдік деген сөздер, Төріне Сарыарқаның келіп жетті.

Төрінде Сарыарқаның той болып жатты, Көк әлемде ай мен күн нұрын шашты. Майданнан аман-есен оралғандар Әке, бала, жарыменен қауышып, мауқын басты.

Содан бері 70 жыл өтті, міне Мамыражай тыныштық орнады елге. Қайнаған қызу еңбек арқасында, Қариялар жемісін көрді, міне.

Тағы да мамыр келді тоғызыншы, Жер-ана берді елге бар ырысты. Бірігіп құрыштай боп жас ұлдар, Қазақстан Көкбайрағын желбіретті.

Қорғайтын Отанымды қарақтарым, Ешқашан түйілмесін қабақтарың. Жарқылда аспандағы жұлдыздайын, Еліңнің берік ұста Көкбайрағын!

Г.АХМЕТОВА.
Егінді ауылы.

Мәдени мұра

Бүгінде заман өзгерді, сана жаңарды. Барымыз бен жоғымызды, асылымыз бен жасығымызды өзгелер сараптап, басқалар бағалайтын кеңестік тоталитарлық жүйе артта қалды. Бұндайда кеңестік кезеңнің кесірінен кенжелеп қалған немесе атауы күңгірттенген ақтаңдақты кезеңнің еске түсуі де рухани қажеттіліктен болар. Себебі тарих дөңгелегі қалай дөңгелесе де, адам санасында елеулі ізі бар елесті кезеңде, аталарымыздың күш қуаты мен маңдай тері сіңісті істері айғақ, айтулы кезең, өшпес тарихы бар жәдігер.

Атам заман ақ иректен көлденеңді көк аттының аузына салып жіберген сырттай сәлемге семіретін қайран қазақ емеспіз бе?! Айтса айтқандай әлімсақтан айранын өзге ішіп шелегін өзі жалау далалық халықтың дархандығы мен даналығы ақ пейілділігінен болар. Қазіргі нарық заманында «ассалаумағалейкум» дер бір ауыз сөз қымбаттап тұрған-

сойыл сайыстырар кездері жиі болып тұрған екен. Айыр күрекпен шабуылдаған орыс бұзықтарын қамшыгер қазақтар ердің қолында, құлдың төбесінде ойнар тобылғы сап, дырау қамшымен бір-бір тартып сілейтіп кетіп отырған.

Негізі соғыс ұрыс қаруы ретінде 12 өрімді дырау (біртартар, бесқасқа) қамшы — ірі өгіз терісінен тілінген

алтын, күмістің белгілерін тауып, Жезқазған өңірінде мол кеннің барлығы, оның минерал қорларын зерттеу «өзін өзі ақтайды» деген алғаш ғылыми тұжырым жасаушы ойшылдар экспедициясы.

Ғалым, қазақ халқының жағрафиясын, тарихын, экономикасын, этнографиясын, мәдениетін, өмір-салтын, тұрмыс тіршілігімен кеңінен танысып, олардың дәстүрлі найза, садақ, қылышпен ғана емес, білте мылтықпен де қаруланғанын әрі оқ дәріні де өздері жасайтынын жазған. Қазақстан географиясы туралы алғашқы ғыл. еңбек П.И. Рычковтың 1762 ж. шыққан «Топография Оренбургская» («Орынбор топографиясы») атты кітабы болды.

Қорғасынтау қорғасыны туралы

500 адамға дейін жұмыс істеп, күніне 126-дан 837 пұтқа дейін кен өндірілген. М.Герман Қараторғай өзенінің жағасындағы үлкен аймақты зерттеді, мыс пен қорғасынның бірнеше жаңа орындарын тапты. Қорғасынтаудан 21 шақырым жерде Қанша-Болған өзенінің сағасында Мыстау кені ашылды. Жаңа кен орындарын анықтау үшін экспедиция адамдары бір аптаның ішінде Жезқазған өңірінде 100 пұттан артық кен қазып, 47 пайдалы қазбалардың түрін тапты. Тексеру үшін Миаса заводтарына жіберілген кен сынамалары үлкен нәтиже берді. 6046 пұт қорғасын кенінен 2524 пұт таза қорғасын, ал 107 пұт мыс кенінен 7 пұт 37 фунт таза мыс балқытылып алынды. Қазақ жерін зерттеу жұмыстарына XVIII ғ. соңғы ширегі мен XIX ғ. басында ондаған экспедициялар келген. 1816 жылғы Алтай тау-кен округінің басшылығы маркшейдер И.Шангин бастаған экспедицияны жіберді. Бес айлық зерттеу жұмыстарының

ҚОРҒАСЫНТАУ СЫРЫ



да, тақауда Қорғасын ауылына жолым түсіп, қойнауы қазына, тасында тарихы тұнған көнеден қалған күңіренген жәдігерлерді көріп, өткені өңмендеп, қарын бөлемнен қарызым қайтқандай, көптен санамда ой түрткі сауалдарыма жауап тапқандай қуанып қайтқам.

Сарыарканың сайын даласындағы Қараторғай өзенінің биік шыңды құздарының қазынасы адам баласының пайдасына жарар сүбелі сыбаға сыйлаған кездері болған. Биік қабақты шың құздардың күнгей бетіндегі тастармен біріккен қорғасын қосындылары жылтырап жер бетінде жатқан, күн қызуымен күндіз жіпсі еріп төмен сорғалап, күн қайта қалпына келген. Жергілікті қазақтар ежелден-ақ біліп, қорғасынды тұрмыс қажетіне және мылтыққа оқ дайындауға қолданып келген. Сол кездері жан жағымен соғысып, соғыс өртіне шарпылған Ресейдің соғыс қару жарақ сұранысына қажетті қорғасын құймаларын Ресейдің Троиск, Тобыл базарларына апарып сатқан. Бұл турасында кезінде «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған «Атбасар оясындағы қазақтардың жаһаткерлігі» мақаласынан жергілікті халықтың кәсіптерін байқауға болады.

Алайда базаршы қазақтардың жолын үнемі орыс содырлары торып, тұтқиылдан тиіп, кішігірім

мықты қайыстан тығыз етіліп, әрі өзегіне қорғасыннан білем салынып өрілген. Сөз жалаң болмас үшін тарих тағылымына жүгінейік.

Қазір еліміз азат, мемлекетіміз тәуелсіз. Қанша заман қапаста қамалып келген ой мен сана еркіндікке шықты. Демек бүгін нені болса да өз мүддеміздің тұрғысынан саралап, өз пайдамызға шешуге толық мүмкіндік туды.

Кезінде текті халықты кемсітер «бұратана» «жабайы» атау, отаршылдық пиғылдағы Ресейдің керітартпа саясатын, 1769-1771 жылдар аралығында патша армиясының ресми қызметкері, өз заманының ойшылы, саяхатшы ғалым, әрі экономист Н.П.Рычковтың «Күнделік жазбалары» және «Капитан Н.Рычковтың 1771 жылғы қырғыз-қайсақ даласына саяхатының күнделік жазбалары» - деген еңбектерінің, Қазақ даласындағы тарихи бір кезеңді көзімен көрген, аты аңызға айналған ірі тұлғалар жөнінде өз пікірі мен пайымдауларын ортаға салған саяхатшылардың жоғарыдағыдай мұраларының еліміз үшін тарихи құндылығы өте жоғары.

Әкелі-балалы П.И. Рычков, Н.П. Рычковтар экспедициясы көне дәуір кеншілерінің іздерін зерттеп, Ұлытау қойнауынан басталатын Ұлықарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір бойындағы ертедегі адамдар қазған кендерінен

деректер 1813 жылы Орынбордың әскери губернаторы князь Г.С.Волконскийге (декабрист Сергей Волконскийдің әкесі) жетіп, Ұлытау бекінісі маңайындағы Қараторғай өзенінің бойына қорғасын кенін анықтауға Троиск коменданты подполковник Феофильтьев пен қамалдың кеден директоры, сарай кеңесшісі Чекаловты жібереді. Экспедиция қорытындысы Қараторғай аңғарында қорғасынның мол қоры барын, ол жерді жергілікті қазақтар Қорғасынтау деп атайтынын анықтап, әскери губернаторға хабарлайды. Сол кездегі ауыл старшинасы Алтай Мінәшұлы көрсеткен кен үлгісін зерттеу, оның құрамындағы қорғасынның мөлшері 54 пайызға жететіндігі дәлелденген.

Князь Волконский өз кезегінде экспедиция жұмысының нәтижесін император Александр -1-ге хабарлаған. Ұлытау өңірінің алғашқы кен байлығының құрметіне патшаның бұйрығымен Санкт- Петербургте, Қорғасынтаудан қорытылып алынған күміс қоспалы қорғасыннан арнаулы ескерткіш медаль құйылған. Медальдің бетінде «Европа Ресейді даңқымен құрметтейді, Азия оған өзінің байлығын ашады» деп жазды. Расында Ресей патшасының 1812 жылы Наполеонмен соғысты жеңіспен аяқтап, Европада даңқы дүбірлеген шағы еді.

Жаңа экспедиция 1815 жылы мамыр айында Патша үкіметінің арнаулы нұсқауымен маркшейдер М.Германның басшылығымен Жезқазған өңіріне жіберілді. Экспедиция Усть-Уиск бекінісінен шығып, 22 күн дегенде Қорғасынтауға келіп жеткен. Құрамында Орал тау кен кәсіпорындарында жұмыс істеген кенші жұмысшылар, шеберлер болған. Ашылған кеннің көлемін, мөлшерін анықтау үшін үш кезекпен қызу жұмыс жүргізіліп, ішкі және сыртқы жұмыстарда, зертханалық зерттеулерде және қосымша жұмыстарда 320-дан

нәтижесінде Терісаққан, Қаракенгір, Қорғасынтау маңайынан мыс пен қорғасынның мол қорында, 1 пұт кенде 2 фунт мыс барын анықтаған. Осылайша тарихтың таразысына салынып, небір ғұламалар зерттеп дәлелдеп Қорғасынтау кеніші XIX ғасырдың екінші ширегінде кеніш болып ашылған. Бұл күнде заманауи алпауыт техника мен жарылғыш зат күшімен ұңғыланатын шахта стволын, сол кездері қолдарында қайладан өзге құралы жоқ жергілікті қазақ жұмыскерлерінің күшімен қия жақпар гранит тастарды тіліп шахта ашқан сол кездердегі ата-бабаларымыздың, жанқиярлық еңбегінің символы ретіндегі иесіз жәдігер, қаншама ұлтқа ұйтқы болған қасиетті мекен. Ағылшын, неміс, орыстың небір ғұлама мен ғалымының, қожамолданың, жырау мен ақынның атбасын тірер тақ ордасы да, көк ордасы да атанған Қорғасын еді.

Озбыр үкімді, обырлы саясатты сан қырлы замана шапағаты қасиетті тарихымызды ит жұлған терідей жұлмалап, жылқышыға жыр, қойшыға қор болғанын еске алсақ, күлеріңді де, жыларыңды да білмейсің.

Габриэль Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығындағы» мүк басқан шахтаның апандай аузын көріп, бір кездерде мұнда жанкештілікпен қия тасты қайламен қашаған мыңдаған адамдардың келбеті көз алдында елестегендей болғанымен, бұнда қазір тіршілік жоқ.

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деп хәкім Абай айтпақшы алпыстар асқан сайын арман зорайып барлығына үлгерсем деген тентіреуік көңіл осы Қорғасын туралы жазып баспасөз беті арқылы Қорғасын кенішінің ашылуына 200 жыл толғанын оқырман назарына ұсынып, туған жер сырын ұрпаққа жеткізу.

Мұханбетжан ӘБІЛҰЛЫ.
Теміртау қаласы.

АРЛАРЫ АҚ ХАЛАТТАН АППАҚ ЖАНДАР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Елімізде жыл сайын маусым айының үшінші жексенбісі — Медицина қызметкері күні ретінде аталып келеді. Медицина қызметкері күні Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2003 жылғы 15 қарашадағы Жарлығымен белгіленген. Халық арасында «ақ халатты абзал жандар» атанған медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесін жалпыхалықтық мереке деуге негіз бар. Медицина қызметінсіз жұмыр жерде бірде-бір адам өмір сүре алмайды. Адам денсаулығының сақшылары — медицина қызметкерлерінің ауырған адамды дертінен айықтырып, тіпті көп адамға екінші рет өмір сүруге мүмкіндік беретіні ерлікке пара-пар. Олар адам үшін ең қымбат байлық — денсаулықты қорғау жолында қашанда қалтқысыз қызмет етеді! Ертең еліміз бойынша Медицина қызметкері күні аталып өтіледі. Шын мәнінде бұл мереке — баршаға ортақ!

Ұлытау ауданында медицина саласын дамыту — басты назарда. Аудан басшылығы қолда барды ғана қанағат тұтпай, аталған саланың өсіп-өркендеуіне хал-қадірінше қамқорлық көрсетіп келеді. Аудандық медицина бірлестігі басшысының орынбасары Замира Жаңбыршиева берген деректерге зер салсақ, жалпы алғанда 13 мың 728 адам мекен ететін ауданымызда, халыққа 32 төсек орны (Ұлытауда — 27, Жездіде — 5) бар 2 стационар, 1 диагностикалық емхана, 8 ОДА (Ұлытау, Қарсақбай, Жезді, Қаракөңгір, Аманкелді, Егінді, Жетіқоңыр, Сарысу), 6 ФАП (Терісаққан, Шеңбер, Алғабас, Байқоңыр, Аралтөбе, Қарақұм) 5 медициналық пункттер (Айыртау, Боздақ, Қызылүй, Пионер, Ақтас) медициналық қызмет көрсетеді. Оларда барлығы 17 дәрігер, 76 орта буын мамандары жұмыс істейді. Барлық елді мекендердегі медициналық мекемелер алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті құрал-жабдықтармен, керекті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілген. Материалдық-техникалық базалары қанағаттанарлық жағдайда. Биыл облыстан дәрі-дәрмектер, медициналық құрал-жабдықтар алуға жоспарланған 47.931.647 теңгенің 2015 жылдың алғашқы бес айында 2.362.375 теңгесі түсіп, оның 2.112.681 теңгесі игеріліп отыр. Аудан орталығындағы орталық ауруханада телемедицина, УЗИ, ЭКГ кабинеттері, жылжымалы рентген, физикабинет халыққа қызмет етуде. Тұрғындар Жезқазған, Қарағанды қалаларында тегін амбулаториялық-поликлиникалық тексерістен өтіп, дәрігерлік кеңес алуға жіберіліп тұрады. Ауданымызда халықтың ризашылығына бөленіп жүрген медицина қызметкерлері көптеп саналады. Орталық ауруханада жемісті еңбек етіп жүрген невропатолог А.Наурызбаева, терапевт А.Жансымакова, педиатрлар Б.Әбілова, М.Дүкөмбаев және елді мекендердегі ОДАлар мен ФАП-тардағы медицина қызметкерлері

Ұ.Қожасова (Қарсақбай), Ө.Сауқымбаева (Жетіқоңыр), М.Әбілов (Аманкелді), Ғ.Шубаев (Сарысу), Ж.Мұсабеков (Қаракөңгір), Ж.Баймұратов (Егінді), А.Жабаева (Терісаққан), Ғ.Қазыбаева (Алғабас), т.с.с. ауыл тұрғындарының ақ алғыстарын «арқалап» жүрген үздік дәрігерлер. Ал жаны қиналғанда араша іздеген аурулардың қоңырау шалуымен үйді-үйге барып, шұғыл медициналық көмек көрсетіп жүрген «Жедел жәрдем» фельдшерлері С.Сейтмағанбетова, Р.Дүйсенбаева, Ө.Әубәкірова, Ғ.Доскен, стационар бөлімінде жатқан науқастардың басы-қасында болып, ем-домдарын жасайтын кезекші медбикелер Ғ.Бақаева, Н.Өксүкбаева, Б.Қоқанова өз істерін жетік меңгерген орта буын медицина қызметкерлері қатарында.

Ауданның барлық медицина қызметкерлері жылдың қай мезгілі, тәуліктің қай сағаты болмасын, ауа райының қолайсыздығына қарамастан адам жанына араша түсуге асығады. Дәрігерлермен бірге көмекке шақырған жерге алып-ұшатын «Жедел жәрдем» автокөліктері жүргізушілерінің еңбектері айтарлықтай. Атап айтқанда аға механик М.Наурызбаев, жүргізушілер А.Махамбетов, Б.Дүйсенбаев, А.Сұлтанов (барлығы Ұлытау селосы), С.Қожахметов (Қарсақбай), Қ.Оралбаев (Егінді), Ғ.Оразбаев (Жетіқоңыр),

сақтауда, ішетін астарының құнарлы, дәмді болуына атсалысып жүргендер де, тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуге өзіндік үлестерін қосып жүр. Ауданның медицина қызметкерлерінің құрамы жыл сайын жас мамандармен толықтырылуда. Мысалы, өткен жылы терапевт-дәрігер Маржан Берлікұлова, рентгенолог Ерген Арман, медбикелер Алуа



**директордың орынбасары
З.Жаңбыршиева мен іс
жүргізуші М.Наурызбаева**

ның ісігіне қарсы) өтуге Жезқазған қаласына жіберілуде. Барып келгендер тексеріс қорытындысымен ем-дом қабылдап жүр. Жалпы алғанда аудандық медициналық бірлестік, кенттік, ауылдық округтердегі медициналық қызмет көрсету орындары, Қой жылғы кәсіби мерекелерін осылайша тәп-тәуір табыстармен қарсы алып отыр. Ауданның медицина қызметкерлері қол жеткізген жарқын жетістіктер, жалғасын тауып жатса игі енді!

Иә, ар-абыройы үстіндегі ақ халаттан да аппақ абзал жандарды, ауруы асқынып дәрігердің көмегіне жүгінген әрбір ет пен сүйектен жаралған жұмырбасты пенде, Тәңіріндей көрері анық. Ол — заңдылық! Себебі дәрігердің алдында отырған науқас жан дәрігердің жылы сөзіне, шипалы алақаны мен еміне зәру. Ал науқастың осы қажеттілігі дәрігердің бойынан табылуы тиіс. Медициналық қызметкердің кез-келген әрекеті — нақты емделушінің жағдайын жақсартуға бағытталуы шарт. Дәрігерге дөрекілік, тұрпайылық

немесе тым ресми мәнерде сөйлесуге тыйым салынады. Әдепсіздікке, текаппарлыққа жол беруге болмайды. Дәрігер әрдайым ұстамды, сабырлы, әдепті, кішіпейіл болуы керек. Медицина қызметкерінің этикасы осылай дейді. Жалпы медицина қызметкерінің этикасы (лат: ethica, грек: ethice — адамгершілікті зерделеу) немесе медициналық деонтология (грек: deon — парыз) — медициналық қызметкердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы.

Ал Қайырымдылық қағидаты: «Мен емделушіге мейіріммен қараймын немесе ең болмағанда зиян келтірмеймін» дейді. Гипократ Антын қабылдаған әрбір медицина қызметкерінің бойында білім мен біліктіліктен басқа, жоғарыда аталған адами асыл қасиеттер тұнып тұрса, ем-домның нәтижесі де жақсы болмақ. Ал дәрігердің ар-ожданы, абыройы асқақ, мерейі үстем, мәртебесі биік болуы — Антқа қаншалықты адал болуымен өлшенетін болса керек...

Біз өз тарапымыздан ауданның барлық медицина қызметкерлерін кәсіби мереке-лерімен құттықтаймыз. Өрқайсыңыздың отбастарыңызға амандық, ұзақ та қызықты ғұмыр тілейміз. Адамзат баласы үшін басты байлық — денсаулық қорғау жолындағы ерен еңбектеріңіз жемісті болсын!

Суреттерді түсірген Ж.АЯШЕВ.



педиатр-дәрігер Б.Әбілова

Қазыбай, Ақниет Сафарова сияқты жас мамандар, өздерінің еңбек жолдарын орталық ауруханадан бастады. Олар А.Наурызбаева, Ө.Омаров, М.Дүкөмбаев, Б.Әбілова сияқты тәжірибелі дәрігерлердің баулуымен медицина саласының қыр-сырын меңгеру үстінде.



медбикі А.Нұржігітова

Ауданның медицина қызметкерлері уақыт талабына сай, жыл сайын білім-біліктіліктерін жетілдіріп, арнайы сертификаттар алып отырады. Медицина бірлестігі директорының орынбасары Замира Жақсыбайқызының айтуына қарағанда, аудан бойынша окулист, лор, стоматолог, онколог, акушер-гинеколог дәрігерлер жетіспейді екен. Ал қазіргі уақытта ауданымызда артериальды гипертензия (қан қысымы), артрит (буын ауруы), онкологиялық (қатерлі ісік) аурулар, т.б. көбеюде. Аудан тұрғындары осы аурулардың алдын алу үшін профилактикалық тексерулерден (ФГДС, маммография, КРР, жатыр мойны-



Терапевт-дәрігер Ө.Жансымакова

Қ.Абдамбеков (Жезді), т.б. тасымалдау жұмыстарын қамтамасыз етуде жан аямай тер төгіп жүрген тәжірибелі жүргізушілер. Медициналық мекемелердің ішкі тазалықтары мен сыртқы абаттандыруда, аурулардың жататын төсек-орындарының тазалығын



фельдшер С.Сейтмағанбетова мен жүргізуші А.Махамбетов

Қайрат ДАЛАБАЕВ, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы:

«ӘРКІМ ӨЗ МҮЛКІ ҮШІН АЛАҢДАУЫ ТҮІС»

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2007 жылы 5 маусымдағы Жарлығымен 23 маусымды – Полиция күні деп бекіткені баршамызға белгілі. Қазақстан полициясы күні – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болғандарға, сала ардагерлеріне және бүгінде осы сапта еңбек етіп жүргендерге отандастарымыздың ризашылық пен алғыс сезімдерін білдіру күні болып табылады. Жалпы, ішкі істер органдары жеке және заңды тұлғалардың, қоғамның қауіпсіздігін, құқықтық тәртібін қорғауды қамтамасыз етуде маңызды институт болып саналады. Сол себепті де тәртіп сақшыларының мәртебелі қызметі қай уақытта болмасын жауапты әрі қажетті мамандық болып қала бермек. Еліміз үшін маңызды зор мереке қарсаңында осынау қиын да жауапты қызмет жолында абыройлы еңбек етіп келе жатқан жандардың бірі, бүгінде Ұлытау аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Қайрат Далабаевпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.



– Ұлт ұясы аталатын Ұлытау ауданы облысымыздағы ең ірі аудандардың бірі екендігі мәлім. Ауданның бүгінгі криминогендік жағдайы қандай? Әңгімені осы тұрғыдан бастасақ.

– Иә, Ұлытау ауданы территориясы жағынан облысымыздың ең ірі ауданы болып есептеледі. Бұрынғы екі ауданға тиесілі территория бүгінде бір ауданның иелігінде. Елді мекендер шашыраңқы орналасқан. Осының өзі-ақ ауданның криминогендік жағдайын бақылауда ұстап отыруға қаншалықты қиындық әкелетінін көрсетеді. Соған қарамастан біз ауданда қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмыстың алдын алу шараларын барынша мінсіз атқаруға күш салудамыз.

Бүгінгі күнге біздің бөлімде 74 азамат қызмет етеді. Олардың 51-і аға басшы құрамда. Қтардағы және кіші басшы құрамда жүрген азаматтар 23. Қызметкерлеріміздің 49-ының жоғары заңгер білімі бар.

– Ауданда шаруашылықтардың шашыраңқы орналасқанын айтып қалдыңыз. Олар полиция қызметкерлерімен, қажетті құрал-жабдықтарымен толық қамтамасыз етілген бе?

– Иә, барлық кенттік және селолық округтер арнайы учаскелік полиция инспекторларымен қамтамасыз етілген. Бұрынғы Жезді ауданының орталығы болған Жезді кентінде арнайы полиция бөлімшесі де сақталған. Сол аймақтағы ауылдардың учаскелік полиция инспекторлары осы полиция бөлімшесіне қарайды. Жедел қызмет түрлерін осы бөлімше көрсетеді. Ал, енді учаскелік полиция инспекторларының материалдық техникалық жағдайын айтар болсам, бүгінгі күні шалғай жатқан елді мекендердегі 3 учаскелік инспекторлар «Нива» автокөлігімен қамтамасыз етілген. Алайда, инспекторларды заманауи электрондық ақпарат құралдарымен қамтамасыз етуде кенжеқалушылық бар екенін жасырмаймыз. Біздің ауылдық инспекторлар өлі

қарапайым қара телефонмен хабарласып, ақпараттық құжаттарды машинкамен бастырады. Компьютерлер жетіспейді. Келешекте бұл мәселелер шешіледі деп ойлаймыз. Бұл бағытта аудан басшылары да оң көзқарас танытады деген үміттеміз.

Ал, аудандық ішкі істер бөлімі бойынша қазір 11 автокөлік бар.

– Әңгіме арнасын енді қоғамдық тәртіпті сақтау мен түрлі қылмыстардың алдын алу шараларына бұрсақ...

– Аудандық ішкі істер бөлімі бойынша бүгінгі күнге 53 қылмыстық оқиға тіркеліп отыр. Өкінішке орай, бұл өткен жылмен салыстырғанда 178,9 пайызға өсті. Былтыр бар жоғы 19 қылмыс тіркелген еді. Ауыр қылмыс саны 4-еу. Оны ашу 50 пайызға орындалды. Өте ауыр санаттағы қылмыстар тіркелген жоқ. Ал, енді жоғарыдағы 53 қылмысты саралап айтар болсақ, дене жарақатын салу бойынша 2 іс, мекемелер мен кәсіпорындардағы қылмыс бойынша 5 іс, мал ұрлығы бойынша 6 іс, бөтеннің мүлкін ұрлау бойынша 15 іс ұсақ бұзақылық бойынша 4 іс тіркелген. Оларды ашу деңгейі қылмыстың түріне қарай 40-100 пайыз көлемінде.

Тергеу саласы бойынша өткен мерзімде 68 іс қаралып, оның 29-ы өндіріспен аяқталып, 11 іс айыптау қорытындысымен сотқа жолданып, ал, 18 қылмыстық іс қысқартылды.

Анықтама тобының өндірісінде 8 қылмыстық іс болды. Сондай-ақ, жасөспірімдер арасында 1 қылмыстық оқиға тіркелді.

– Байқағанымыздай, ауданда ең көп тіркелетін қылмыс ол – ұрлық екен. Адамдардың мұндай қылмысты жиі жасауының себебі неде деп ойлайсыз?

– Жасыратыны жоқ, қоғамда қандай да бір қылмыс орын алса адамдар ең алдымен тәртіп сақшыларын кінәлайтын жағдайға жеттік. Жалпы, қоғам жекелеген адамдардан, отбасылардан құралатындығын ескер-

сек, осы қоғамның тыныштығы үшін ең жауаптылардың бірі ол – ата-ана. Ата-ана балаларына, отбасының әрбір мүшесіне тағылымды тәрбие беріп, заңды сыйлауға, құрметтеуге үйретсе қоғамда мұндай келеңсіздіктер орын алмас еді.

Ал, енді ұрлыққа келер болсақ, оған да себеп болып, ұрылардың назарын осы іске аударатындар да сол азаматтардың өзі. Әрбір азамат өздерінің мүлкіне, малына ықтиятты болуы керек. Мал ұрлығының белең алуы да осындай салғырттықтың салдары. Мал бағылмайды. Арнайы бақташы жоқ. Табын ұйымдастырып, бақташы сайлап, оған тиісті ақы төлеп тұрудың орнына болмайтын жерде тиын санап, сараңдық танытады. Соның салдарынан ақ адал малдары қолды болып жатады. Осы орайда айта кететін тағы бір жайт, азаматтар малдары жоғалғаннан кейін араға бірнеше күн салып барып арызданып жатады. Бұл кезде ұрылардың ізі суып та үлгереді. Мәселен өткен жылы желтоқсан айында жоғалған малын биыл қаңтар айының соңында барып, іздеу салған азаматтар бар. Арыз биыл жазылып, биыл тіркелген соң іс биылғы жылмен есепке алынып, біздің көрсеткішімізге де едәуір ылаңын тигізіп жатады.

Бүгінде аталмыш проблемаларды барынша оңтайлы шешуге күш жұмылдырудамыз. Мәселен, жекеменшік мүлкін ұрлаудың алдын алып, жолын кесу мақсатында нақтылы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Ұлытау ауданы туризм орталығы болады деп күтілуде. Жаз шыға мұнда қыдырып, ем іздеп, қасиетті жерлерге тәу етіп келетіндер көбейеді. Осы кезеңде қылмыстың алдын алу мен қоғамдық тәртіпті сақтауда қандай шаралар жасап жатырсыздар?

– Дұрыс айтасыз, жаз мезгілі қарбалас

шаққа толы. Әсіресе сенбі, жексенбі күндері мұнда қанаттас жатқан қос қаладан табиғат аясында демалуға келетіндер саны артады. Бұл бізге көп алаңдатушылық та тудыратыны жасырын емес. Осындайда түрлі келеңсіздіктерді болдырмас үшін біз арнайы жасақ әзірлеп қойдық. Мұның сыртында қаладан келетін күре жолда күн сайын арнайы жол полициясы қызметкерлері бақылауда ұстайтын болады. Ол үшін арнайы бір жылжымалы полиция экипажы жасақталды. Сондай-ақ, бөлімнің табиғатты қорғау полициясы қызметкерлері тау бөктері мен ормандарда демалып жатқан азаматтарды бақылап, сақтық шараларын түсіндіріп отыратын болады.

– Осынау кәсіби мерекелеріңіздің қарсаңында өз әріптестеріңізге қандай тілек айтар едіңіз?

– Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Адамдар полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінуі тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Бұл халық алдында адал қызмет етуге ант берген қатардағы әрбір тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені, еліміз үшін адам өмірінің қауіпсіздігі қашанда басты назарда екені белгілі. Осыған орай, барлық полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтағым келеді. Әріптестеріме «қиындығы мен жауапкершілігі мол қызметтеріңізді атқаруда абыройға жетулеріңізге тілектеспін! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!» дегім келеді.

– Әңгімеңізге рахмет. Сізді де кәсіби мерекенізбен шын жүректен құттықтап, Отанымыздың игілігі жолында кәсіби шеберлікпен адал қызмет ете беруіңізге біз де тілектеспіз!

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ



Ел алғысына бөленіп, қоғам мен халық игілігіне қызмет етуді мұрат тұтқан азаматтар аразамызда аз емес. Сондай жандардың бірі аудандық полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Руслан Ділімұхамедов.

Қылмыстық істі ашуда кінәліні тауып, ақ пен қараның ара жігін ашу тергеушінің міндеті. Яғни тергеуші – қылмыстық іс қозғалғаннан бастап, айыптау құжаты сотқа жеткенге дейін қылмысты ашумен айналысатын адам. Бұл мамандық жауапкершілікті, сауаттылық пен шыдамдылықты қажет етеді. Руслан Рүстемұлының боынан да осындай қасиеттерді аңғару қиын емес. Осы салаға келгеніне 9 жыл болған Руслан бірқатар қылмыстарды ашып, қылмыскерді құрықтауда өзіндік еңбек сіңірді.

– Мектеп қабырғасында жүрген кезде-ақ тергеуші болсам деп армандайтын едім. Осы арманыма жету үшін Қостанай қаласындағы заң институтында заңгер мамандығы бойынша білім алдым. Алғашқы еңбек жолым Шет ауданында 2006 жылы учаскелік полиция инспекторынан басталды. Кейін Қарағанды қаласына ауысып жедел уәкіл, аға жедел уәкіл сияқты қызметтер атқардым. Сол қыз-

метте жүріп өзіме көп тәжірибе жинақтадым.

Тергеу іс өте күрделі дер едім. Іс сотқа кеткенше қылмыстық істің ашылуына жауап береді. Қандай күрделі іс болмасын, аяғына дейін жеткізіп, ақиқатын анықтау керек. Осы тұрғыда маған тәжірибелі әріптестерім көп көмектесті. Жұмыста ағалар ақыл-кеңесін айтып, жұмысты әрі қарай игеріп әкетуіме көп ықпалын тигізсе, үйдегі ата-анам да әрқашан қолдау білдіріп отырды, — дейді Руслан бізбен әңгімесінде.

Русланның Ұлытауға келгеніне де аса көп уақыт бола қойған жоқ. Бөлім басшысының тергеу істері жөніндегі орынбасары болып келген ол өз ісіне адал жан екенін көрсете білді. Жалпы, қылмыстық істі ашуда тергеуші бір өзі емес, жедел-ізвестіру және басқа да тиісті орындармен байланыс орнату арқылы істің ақ-қарасын ажыратады. Осындай кезде ол әріптестерімен бірлесіп, ерінбей еңбек етті. Кейде істі тез арада аяқтау үшін тергеушілер тарапынан олқылықтардың орын алатыны бар. Яғни тәжірибесі аз, ізденбейтін тергеушілер заңға қайшы әрекет етіп жатады. Руслан Ділімұхамедов осындай жауапсыздыққа жол бермес үшін тергеуші ең алдымен сауатты болуы керектігін айтады.

– Тергеуші сауатты және кез келген саладан хабары болуы керек. Себебі қылмыс әртүрлі салада, әртүрлі бағытта орын алады. Бұған қоса, ой ұшқырлығы, ішкі түйсіктің жоғары болуы, сезімталдық қасиеттер қажет. Бұндай қасиет қылмыстық іске жүйелі талдау жасап, ақиқатына тез көз жеткізу үшін керек. Кез келген адаммен тез тіл табыса білу де тергеушінің ісін алға бастырады. Себебі әртүрлі күдікті адамдармен сөйлесуге тура келеді. Оның ішінде әйелдер, көмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер бар, — дейді тергеуші.

Осы қызметте жүріп Руслан түрлі қылмыстың бетін ашуға да ықпал етті. Өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып жүрген азамат.

ОБЪЕКТИВТЕ: БЕСАСПАП ПОЛИЦЕЙ



Аудандық ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторының полиция кезекшісі Дулат Әбдікәрімовты әріптестері бесаспап полицей дейді. Оған да негіз жоқ емес. Отан алдындағы борышын өтеп келген жылы аудандық полиция бөліміне қызметке тұрған Дулат бөлімнің негізгі қызметі мен мәдени-көпшілік жұмыстарына да біркісідей үлесін қосып келеді. Ол бөлімнің белді әншісі. Тіпті ауданда өтетін мәдени шараларға да үнемі қатысып, әріптестерінің құрметіне бөленіп жүр.

Беттің материалдарын әзірлеген
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

Суреттерді түсірген

Жасұлан АЯШЕВ.

Имандылық иірімдері

ІШІМДІК АТАДАН ҚАЛҒАН АС ЕМЕС

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим! Құрметті мұсылман бауырлар! Тек жақсылықты үндейтін дініміз, адамзат баласына «халал» еткен нәрселерді пайдаланып, ішіп-жеуіміз, ал «харам» еткен нәрселерден жан-тәнімізді аулақ ұстауымыз керек. «Харам» нәрселердің бірі – алкогольдік ішімдік. Оның харам екендігі Құран мен әрі Хадисте дәлел, бекітілген. Адамзат тарихында ішімдіктің адам өмірі мен қоғам тыныштығына зиян әкелетін нәрсе екенін біліп, күресіп келуде. Қасиетті Құранда: «Әй, мүміндер, арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас шайтанның

ішкен кісінің 40 күн бойы намазы қабыл болмайды. Зәр жолында ішімдіктен, арақ-шараптан бір тамшы қалған күйінде өлген кісіге жәннәт харам болады. Егер, арақ-шарап ішіп, 40 күн ішінде өлетін болса, надандық өліммен өлген болады». «Бұл дүниеде арақ ішкен кісіге ақыретте Алла Тағала «тинә-и-хәбал»-ді ішкізеді. Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сахабалар сұрағанда: «тинә-и-хәбал» не?, деп, ол: «тозақтықтардың денесінен аққан ірің мен қан» деп жауап берген.

«Алла ішімдіктің күнәсін мынадай кісілерге бірдей етіп жүктейді, олар «ішкен, оны берген, сауда үшін сатқан,

сатып алған, ездiрген, тасыған және тасытқан, ішкізген» деген. Қалай десекте, Құран аяттары мен Хадистерді харам екені және күнәға батырып, адамды қандай жамандыққа ұрындыратынын біле тұрса да, неге, ол ішімдік қолданыста? Қазіргі кезде қайсыбір дүкенге кірсеңіз де, сәреде самсап тұрған ішімдік. Әлгі дүкен иесінен сұрасаң, «неге харам ішімдікті» сатып отырсыз десек, ол, беті былш етпестен (егер дүкен

иесі мұсылман болса), мұсылман бола тұра табыс көзі, әсіресе мерекелерде сол ішімдік көп өтеді, дейді. Кейбіреуі ұялмастан, тіпті Алладан қорықпастан «мен өзім ішпесем» болды ғой деп, салқын сөз айтып, менің отбасыма кірген кірістің 80%-ы, сол арақ-шараптан, дегені жүректі ауыртады. Арақ-шарап сатып, отбасына кіргізген кіріс «харам» ғой, сонда кірген кіріс «харам» болса, бала-шағасы, өзі де ішіп-жеген тағамдары адал емес қой. Иә, солай, бұл сөз шариятымыздың сөзі. Арам ішімдік сатып үш келеңсіз жағдайға душар болу деген сөз, олар: арақты сатып; одан түскен «харам» ақшамен отбасын асырау; өзге адамның арақ-шарап ішіп, күнәға батуына себепкер.

Арақ-шарап сатып отырған бауырлар, күн көрудің, отбасын асыраудың (халал жолымен) жолы көп емес пе! Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)-ның асыл тәрбиелі сөздерінің бірі: «есектің нәжісін тазаласаң да наныңды адал же, отбасыңды адал нанмен асыра» деген. Арақ-шарап сатпақ түгілі, «өзім ішпесем болды ғой» деген, суық сөзді айтпақ түгілі, ойламау керек. Өзімізге Алладан не тілесек те адам баласына да сондай жақсылық тілеу керек. Адам баласына ойлаған жамандығымыздың кесірі «Алла сақтасын» – ұрпағымызға келмейтініне кім кепіл болады?! Алла Тағала Құранда: «Кім жақсылықты қолдаса, оған одан несібе болады, ал және кім жамандыққа болысса оған да одан бір тиесі бар. Алланың әр нәрсеге күші басым» (Ниса сүресі, 85-аят).

Иә, көне бір сөз есіме түседі: «не ексең, соны орасың» деген. Бауырлар, тек жақсы амал істейік, жақсыға жақын болайық, Алла Тағала да бізге жақын болар. Құранмен айтар болсам, Алла Тағала жақсылықты қолдайды. Елімізге, әр шаңыраққа «бақыт» деген құс қонып, «молшылық» деген несібе мол болсын!

С.ОРЫНБАЕВ,
аудан мешітінің бас имамы.

Тарихтан мәлім, 1925 жылдың желтоқсанында Қызылорда қаласында V өлкелік партия конференциясы өтті. Өлкелік комитетінің есепті баяндамасын РКП(б) Орталық Комитеті Қазақстанға арнайы жіберген Голощекин жасады. Ол өз сөзінде ауылда шынайы Кеңес өкіметі жоқ, тек байдың үстемдігі мен ру билігі бар дегенді алға тарта отырып өзінің “Кіші Октябрь” идеясын қазақ сахарасына тезірек жүзеге асыру жоспарын жасады. Және онысын «сәтті» жүзеге асыра алды да. Өзіне бар билік пен ерік берілгеннен кейін Голощекин ұжымдастыру саясатын халықты қорқытып, үркітумен жүргізе бастады.

Голощекин қазақ сахарасында “Кіші Октябрьді” жүзеге асыру ниетімен 700-ге жуық байдың бар малын тартып алды. Қалың ел көшіп келе жатқан жолындағы қонған жеріне күштеп қоныстандырылды. Не суы, не нуы, не баспанасы жоқ шөлде мал түгілі адамдар қырыла бастады. Қазақ сахарасында алба-жұлба, аш-жалаңаш босқындар көбейіп кетті. Бұл, өзегі талған халық кейін мәтелге айналдырған, Голощекиннің “Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” деген ұранының пәрмені жүріп тұрған кезі еді.

“Бала-шағаларымды аштық апатынан аман алып қаламын ба? деген үмітпен арып-ашқан қазақтар, олардың панасыз қалған балалары лек-легімен шұбырып, өнеркәсіп орындарының, поселкелердің, көптеген қа-

Бекіш бай көтерілісшілерге көмек беруге уәде береді. Осындай хабаршылар 8-ші, 12-ші және 13-ші ауылдарға да жіберіледі. Бірақ, аштық пен қыспақтан титықтаған халық ойлағандай ұйымшылдық көрсете алмайды. Үкімет «Алынған мал қайтарылады. Бәрі ымырашылдықпен шешіледі», деп көтерілісшілерді алдап, орталықтан қарулы отряд келуін күтіп уақыт созады.

Маусым айының басында ОГПУ-дың аудандық бөлімінің бастығы Зайков «Досмағамбетовтың бандасын» құрту жөнінде тиісті шаралар қабылдауға нұсқау береді. Галкин бастаған 25 адамнан тұратын қарулы отряд 8 маусым күні 11-ауылды қоршап алады. Нәтижесінде екі арада атыс болып, пулеметпен қаруланған ОГПУ отряды алты көтерілісшіні

ГОЛОЩЕКИН ГЕНОЦИД НЕМЕСЕ ҚАРСАҚБАЙДАҒЫ ҚЫЗЫЛ ТЕРРОР

лапардың (Алматы, Әулиеата, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Семей, Қарсақбай, Қарағанды, Балқаш, Ақмола, Петропавл, т.б.) теміржол стансаларының төңірегінде сендей соғылып, сандалып жүрді. Бұл қалалар мен поселкелерден ересектер мен балалардың мәйітін күн сайын қала сыртына алып кетіп жатты», деп жазады тарихшылар сол бір сұрқай күндерді күңірене отырып.

Байларды, кулактарды және ұлтшылдарды құртуға бағытталған күштеу саясаты және Голощекиннің басшылығымен қазақ даласында жүргізілген ірі көлемде мал өнімдерін дайындау, шамадан тыс салық салу шын мәнінде қазақ шаруаларының қалың бұқарасына күйрете соққы берді. Ел ішінде ашу-ыза тудырды. Соның салдарынан, Қазақстанда 1929-1930 жылдары 372 көтеріліс болып, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты.

Бас көтерген халыққа аяусыз жазалау шарасы жүргізілді, 1929-1931 жылдары ірі көтерілістер мен толқуларға қатысқаны үшін НКВД органдары 5551 адамды соттап, оның 883-ін атып жіберді. Жалпы алғанда, күштеп ұжымдастыру кезінде 10 мыңнан астам адам жазаланды.

Қызыл террордың сондай бір қырғыны Қарсақбай даласын да шарпып өтті. 1931 жылдың мамыр-маусым айларында Қарсақбай ауданындағы қазақ шаруалары да қарулы көтеріліс ұйымдастырды. Көтеріліске үкіметтің меншіктегі малдарды күштеп тартып алып, шамадан тыс салық салуы шаралары себеп болды. Іс жүзінде аш-жалаңаш қалған 11-ауылдың жұртшылығы қарулы көтеріліс ұйымдастырды. Оған Әлмағамбет Досмағамбетов пен Тілеуқабыл Жалмағамбетов деген кісілер ұйытқы болды. Ал, мұндай қадамға барудағы басты мақсат өздерінің ақ адал малдарын қайтарып алу еді.

Көтеріліс күштеп тартып алынған малды дайындау пунктін аядап әкететін күнге белгіленді. 1931 жылдың 25 мамыры күні 11-ауылдың Қыртайлақ деген жайылымына жақын орналасқан дайындау пунктін Байқоңырдың көміршілеріне деген желеумен жиналған 300 бас қой айдалды. Сол күні Әлмағамбет Досмағамбетов өз жасағымен келіп аудандық атқару кеңесінің уәкілі Әбілдин мен Құсайынов деген кісілерді тұтқындап, олардың винтовкасы мен браунингін тартып алды. Бұдан кейін көтерілісшілер мал дайындау жөніндегі уәкіл Рахметов, ауылдық кеңестің төрағасы Төкенов және комсомол белсендісі Сұлтан Бейдешов пен партияда жоқ белсенді Байгенжин деген кісілерді де тұтқындады.

Басшыларын тұтқындаған соң көтерілісшілер малды қайтарып алуға кіріседі. Оспан Досмағамбетов бастаған қарулы топ мал дайындау пунктіне кетеді де, Балахмет Әлмағамбетов деген кісі 10-ауылдың байы Бекіш Беркімбаевқа көмек сұрай кетеді.

жер жастандырады. Отрядтан бір адам оққа ұшады. Мұздай қаруланған отряд тірі қалған 17 көтерілісшіні қолға түсіреді.

Қызылдардың бұл қырғынына қарсылық білдірген ауыл тұрғындары тұтқындарды босатып алуға әрекет жасап көреді. Бірақ, ол да сәтсіз аяқталады. Қақтығыс кезінде бостандық аңсаған Тілеуқабыл Жалмағамбетов, Жекебай Жандосов, Омар Жандосов және Сана Бекмағамбетов деген азаматтар оққа ұшып, мерт болады.

Көтерілісшілер қолға түскеннен кейін «Қарсақбай ауданының 11-ші және 10-шы ауылдарының Досмағамбетов және басқа да азаматтардың бастауындағы қарулы бандитизм» деректері бойынша ОГПУ-дің Қарсақбай аудандық бөлімінің уәкілі Каржавин тергеу ісін жүргізеді. Іс бойынша 43 адам қылмыскер деп танылды. Оның 10-ы қарулы қақтығыстар кезінде қаза тапқандар. Ал қалғандары жауапқа тартылып, олар РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58/2 бабы бойынша кінәлі деп табылып, Қазақстандағы ОГПУ ПП жанындағы үштіктің қарауына жіберіледі.

Қолдағы деректерге қарағанда көтеріліске қатысушы 43 адамның 24-і бұрынғы байлар мен олардың балалары, 18-і кедей және 1-еуі орта шаруа. Осының өзі-ақ, қызыл терроризмнің қыспағына, солақай саясатына қарсы бірігіп көтеріліс жасаудағы мақсат – елдің тәуелсіздікті аңсағандықтарын аңғартады. Байлар да, кедейлер де бар болғаны өздерінің ата-бабалары сияқты еркін өмір сүру құқығын қорғады.

Дерек пен дәйек

Тарихшылар дерегіне жүгінер болсақ 1929-1953 жылдары Кеңес Одағында 40 миллионнан астам адам саяси қуғын-сүргін құрбаны болған екен.

Ал, Қазақстанға келер болсақ, 1921-1954-ші жылдары өтірік тағылған саяси кінәмен 100 мыңнан астам адам сотталып, оның 30 мыңдайы кейін атылып кеткен.

Тек қана, 1931-1933 жылдары әдейі, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық салдарынан 2 миллионға жуық қазақ құрбан болды.

Ал, осы 1930-1932 жылдардағы киянатқа төзбеген 1,5 миллион қазақ өздерінің байырғы атамекенін тастап, босып кетуге мәжбүр болды.

Егер, 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам тұрған болса, 1933 жылы халықтың саны 2 миллион 493 мың ғана болып қалды. Мұндай өте қысқа мерзімде осыншалықты қырғынға ұшыраған халық оған дейін де, одан кейін де адамзат тарихында болған емес.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.
Материал «Қарсақбайдағы қызыл террор құрбандары» кітабының негізінде әзірленді.

РӘМІЗДЕРГЕ ҚҰРМЕТ — БАРШАҒА МІНДЕТ

2007 жылғы 4 маусымда ҚР-ның №258 «ҚР Мемлекеттік Рәміздері туралы» Конституциялық Заңы қабылданды. Осы Заңның 1-бабына сәйкес Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері болып табылады.

ҚР Мемлекеттік Рәміздерін дайындау және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабының 2-бөлігінде әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті деп белгіленген.

ҚР әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 458-бабына сәйкес:

ҚР Мемлекеттік Туын, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасын пайдалану, сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік Гимнін пайдалану және орындау тәртібін бұзу

1.ҚР Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін заңсыз пайдалану, сондай-ақ, Мемлекеттік Гимннің ҚР заңнамасының талаптарын бұза отырып пайдалану және орындау — екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік Рәміздерді пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда оларды пайдаланбау — лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер — төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сол себепті зайырлы тәуелсіз еліміздің нышаны Мемлекеттік Рәміздерімізді құрметтеуге шақырамыз.

**Ұлытау ауданының
прокуратурасы.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері - Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Олардың сипаттамасын және ресми пайдаланылу тәртібін 2007 жылдың 4 маусымында қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері туралы» конституциялық заңы белгілейді. Осы заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым күні Қазақстан Республикасында мемлекеттік Рәміздер күні ретінде атап өтіледі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес. Тудың ені мен ұзындығының арақатынасы 1:2.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы — дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясында шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырған. Жоғарғы бөлігінде — бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар. Жұлдыздың, шаңырақтың, уықтардың аңыздардағы қанатты пырақтардың бейнесі, сондай ақ «Қазақстан деген жазу — алтын түстес.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні музыкалық поэтикалық туынды және мына жағдайларда орындалады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке кіріскен кезде — ол ант бергеннен кейін;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті сессияларының ашылуы және жабылуы кезінде;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, сондай - ақ өзге де салтанатты ашылуы кезінде;

4) Телерадиоарналар эфирге шыққан кезде тәулік сайын, олардың хабар таратуы басталғанда және аяқталғанда;

5) Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметінде ескерткіштерді, монументтерді, құлпытастарды және басқа да ғимараттарды ашу кезінде;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге де ұйымдары өткізетін рәсімдер, салтанатты және спорттық іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілген кезде;

7) Қазақстан Республикасына мемлекеттік немесе ресми сапармен келген шет мемлекеттердің басшыларын қарсы алу кезінде тиісті шет мемлекеттің мемлекеттік гимні орындалғаннан кейін;

8) Жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғры оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жаңа оқу жылының ашылу және оқу жылының аяқталу рәсімдері кезінде, сондай — ақ өзге де салтанатты іс-шаралар өткізілген кезде;

9) Қазақстан Республикасының ұлттық (құрама) командасы қатысатын спорттық іс-шаралар өткізілген кезде орындалады.

10) Мемлекеттік Гимн көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар оны орнынан тұрып айтады (тыңдайды), бұл ретте Қазақстан Республикасының азаматтары оң қолын жүрек тұсына қояды.

Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Республика аумағында жүрген адамдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге міндетті.

**А.РАМАЗАНОВА,
аудандық
Әділет басқармасының
іс-жүргізушісі.**

Қазақстанда Гендерлік саясатты жүргізу жұмысын, ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Комиссияның негізгі міндеті — ҚР-да 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен Гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық келісімшарттар аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

1999 жылы ел Президентінің бастама-сымен аудандық буындарға дейінгі ішкі істер құрылымдарында, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі арнайы бөлімшелер құрылды. Олардың негізгі міндеттері: әйелдердің конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құқыққа

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 73-бабының 1-бөлігімен көзделген бір әкімшілік іс қаралған. Осы іс бойынша құқықбұзушы ҚР ӘҚБтК-нің 73-бабы, 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқықбұзушылық жасауда кінәлі деп танылып, оған ескерту жасалынды. Құқықбұзушыға жәбірленушінің

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ — ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ!

жат қолсұғудан қорғау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жолын кесу мәселелерінде ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметін үйлестіру, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың түрлеріне, нысандары мен әдістеріне, сондай-ақ, оларды жасауға жағдай жасайтын себептер мен шарттарға талдау зерттеуін жүргізу мәселелерінде халыққа құқықтық көмек көрсету болып табылады. Мысалы, 2015 жылдың 6 айында Ұлытау аудандық сотымен әйелдерге жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты

отбасының көмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға үш ай мерзімге тыйым салынған.

**А.ҚАЛЕКЕНОВА,
аудандық соттың
бас маманы.**

1,6 ЖӘНЕ 7-СЫНЫПТАҒЫ ҚАУІПТІ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЙЫ РҰҚСАТ БЕРУ

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі
Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:
1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) ХҚО-ға не порталға құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап — 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде; 2) құжаттар топтамасын тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты — 15 минут; 3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты — 15 минут.
5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі — Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралымен 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсат (бұдан әрі — арнайы рұқсат) қағаз түрінде.
7.Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. ХҚКО жұмыс кестесі:
1) ХҚКО — еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі — сенбі аралығында жұмыс кестесіне сәйкес, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Өтініштер мен құжаттарды қабылдау және мемлекеттікқызметтікөрсетунәтижелерінберу жедел қызмет көрсетуісіз «электрондық» кезек тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады;
2) порталда — тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).
3. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) ХҚО-ға (қағаз түрінде) не порталға (электрондық түрде «pdf» форматында) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:
1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш не порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі — ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; 2) қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралын тіркеу туралы куәліктің, сондай-ақ егер ол тасымалдаушының меншігі болып табылмаса, осындай көлік құралын заңды негіздерде иелену құқығын растайтын құжаттың көшірмесі; 3) құзырлы органдармен келісілген қауіпті жүкті тасымалдау бағдары; 4) қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралы жүргізушісінің дайындығы туралы куәліктің (жүргізушіге қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік) көшірмесі; 5) тасымалданатын қауіпті жүкке арналған қауіпсіздік туралы ақпараттандыру жүйесінің апаттық карточкасы; 6) көрсетілетін қызметті берушінің өкілі органға өтініш берген жағдайда өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттар.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе мемлекеттік қызметтер көрсетуді ақпараттық мониторингілеу жүйесі арқылы уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші, ХҚКО ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік қызметті көрсету кезінде пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды берген кезде:

1)ХҚКО-ға — мыналар:
құжаттың нөмірі және қабылданған күні; сұрау салынған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы; қоса берілген құжаттардың атауы мен саны; мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні (уақыты) және құжаттарды беру орны; құжаттарды қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты; көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) немесе атауы (заңды тұлғалар үшін), байланыс деректері көрсетіле отырып, тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі;
2) портал арқылы — көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алатын күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрінеді.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру туралы хабарламаны алғаннан кейін, жеке өзі келгенде және жеке басын куәландыратын құжатты, тауарлық-материалдық құндылықтарды алуға арналған белгіленген нысандағы сенімхатты ұсынған кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхаттың негізінде, онда көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.
10. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

**ХҚКО-ның
Ұлытау ауданындағы бөлімі.**

Қырым геморрагиялық қызбасы - кенелердің шағуымен жұғатын табиғи-ошақты жұқпалы вирусты ауру.

Аурудың негізгі қоздырғышының көзі болып – жабайы аңдар және үй жануарларынан сиыр, қой, ешкі, ал ауру қоздырғышын тасымалдаушылары болып кенелер жатады. Негізінен инфекция Орта Азия, Африка елдерінде жиі кездеседі, яғни климаты ыстық жерлерде. Аурудың инкубациялық кезеңі 14 күнге дейін, орташа 3-5 күн, ауруға шалдыққан науқаста кенеттен қалтырау, дене қызуының 39-40°C көтерілу, бұлшық ет, буын және бастың ауыруымен

ция жұмыстарын жүргізу жоспарланып, бұл жұмыстарға қаражат жергілікті бюджеттен бөлінді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 06.12.2011 жылғы №1476-шы «Аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу және оларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы» Қаулысының талаптарына сай жүргізіледі.

2014 жылы Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын алу мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент

ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

басталады. Аурудың қызған кезеңінде дене қызуы төмендеп, аяқ-қол, буындарда бөртпелер пайда болып, өкпе, мұрын, асқазан, ішектен қан кету болады. Жалпы ауруға шалдыққан адамдардың 40 пайызға дейінгісі өліммен аяқталады, ал жазылған науқастардың жұмыс істеу қабілеті 1-2 жыл ішінде ғана қалпына келеді. Негізінен ауруға ауыл және орман шаруашылығында жұмыс істейтін адамдар жиі шалдығады, сондықтан мұндай мамандық иелері жұмыс барысында арнайы жеке бас қорғау киімдерін сақтық ережелеріне сай қолданғаны абзал.

Өткен 2014 жылы еліміздің Қызылорда, Батыс, Оңтүстік Қазақстан облысы мен Алматы қалаларында Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен 28 адам тіркелді, осыған байланысты аталған аймақтарда дезинсек-

каласының обаға қарсы станциясының мамандары осы аурудың табиғи ошақтарында кенелерге зерттеу жүргізген болатын, бұл аталған жұмыстармен Ұлытау ауданының, Жетіқоңыр селолық округінің территориясы да қамтылды. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша 1 шаруа қожалық иесінің ірі қара малынан алынған кенеден оң нәтиже анықталған, осыған байланысты тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы тарапынан тиісті эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізілді.

Е.ТАНАБАЕВ.
аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының сан-эпид бөлім басшысы.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША 2015 ЖЫЛЫ ҮЙІРЛІ САЯҚ ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ (ИТАЛЬЯНДЫҚ ПРУС) ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕСТИЦИДТЕР

2015 жылы аудан бойынша 101,5 мың гектар жер үйірлі шегірткеге, оның ішінде 23,3 мың гектар жерүсті және 2,1 мың гектар жер үйірсіз саяқ шегірткеге қарсы өңделеді.

2015 жылы төмендегі дәрі дермектермен өңдеу жұмыстары жүргізіледі:

Даклоприд 20 % в.к және **Имидор 20 % в.к** – Конфидора аналогі. Неоникотиноид тобына жататын инсектицид. Шегіртке тектес зиянкестердің, құрт – құмырсқалардың орталық жүйке жүйкесін және ішкі құрылыс мүшелерін жауып тастайды. Әсер ету күші өте жоғары және жылдам. Шыққан отаны Цянгу Янгонг Кемикал,Моер Кемсайенс *Китай*. **Дәрінің әсер ету күші зиянкестің кіші кезеңінде 7 - 14 күн.**Тіркелген шығым шамасы 0,05 - 0,07 л/га (орташа 0,06).

Дессенлин, 48% с.к. – Малотоксикалық инсектицид хитина синтезінің реттеуші тобына жатады. Көбіне ішекті әрекетке ие болады. Шыққан отаны Наньцзин Эссенс ФайнКемикал, *Китай*. **Дәрінің әсері 45 күнге дейін жарамды.** Тіркелген шығым шамасы 0,02 л/га (итальяндық прус).

Комбат 550, к.э - Араға, шегіртке тектес зиянкестерге, құрт – құмырсқа және жабайы жануарларға, балыққа әсер етеді. Инсектицидты авиациялық техникамен және жер арқылы өңдеу техникаларымен қолдануға болады. Жер арқылы (наземной) өңдеу кезінде шығым шамасы 25 - 150 л/га, авиа арқылы 6 -25 л/га болады. Шыққан отаны Джэззиянг Синнонг Кемкал Ко, *Китай*. Тіркелген шығым шамасы 0,15 л/га

Барлық инсектицидпен жұмыс істеген уақытта жеке бастың қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілуі тиіс:

- Терінің ашық жерлеріне тиіп кетпеуін қадағалау
- Көздің жасаурауынан қорғау
- Арнайы киімнің болуы
- Респиратор
- Қолғап
- Қорғаныс көзәйнектері

Аэрозольді генератор ГАРД техникасы арқылы өңдеу

Ұлытау ауданы бойынша бірінші рет 2015 жылы 23,3 мың гектар жерге өңдеу жұмыстары аэрозольді генератор ГАРД жерүсті техникасы арқылы жүргізіледі. Техника сипаттамасы:

Өнімділігі: 300 - 1500 га/сағат (Производительность)
Жылдамдығы: 5-30 км/сағат (Скорость на гоне)

Өңдеу ауқымы: 10 – 3000 м (Ширина захвата)

Жұмысқа жұмсалынатын шығыны: 3-50 л/га (Расход

рабочи жидкости)

Бак көлемі: 2000 л (Объем баков)

1. КамАЗ автокөлігі; 2.Бак;

3. Бак; 4. Насос; 5. Радиатор;

6. Двигатель ЯМЗ-238; 7. ГПП;

8. Ауасорғыш; 9.Қозғалғыш;

құрылымы; 10. Компрессор;

11. Тасымалдаушы рама; 12. Фара

прожектор; 13. ЖЖМ бак; 14. Труба


айналым; 15. Метеостанция;

16. Спутникалық навигация; 17.

Өңдеу жұмыстарын қадағалайтын

борттық компьютер.

Аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі бөлімі.



АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАРҒА БЫРДЕЙ ИНВАЗИЯЛЫҚ, ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАР

ЛАРВАЛЬДЫҚ ТЕНИИДИОЗДАР

Эхинококк, ларвальдық эхинококк (гидатидоз) – созылмалы құрт ауруы, балаң құрт кезінде жұқтыратын (ауыратын) цестодозға жататын *Echinococcus granulosus*. Балаң құрт эхинококкозбен 60 – қа жуық шөппен қоректенетін және барлық қорекпен қоректенетін жануарлар қой, ешкі, ІҚМ, жылқы, есек, шошқа, түйе, зебу, буйволдар, киіктер, бұғы, т.б. Сонымен қатар, адам мен маймыл да ауырады. Бұл тоғышарлар ит, қасқыр, қарсақ, түлкі, күзен т.б. жануарлардың жынысы жетпеген (ленталық) кезеңде ақтық иелерінің ішегінде тоғышарлық етеді. Тоғышардың саны бір иесінде әртүрлі, кейде 20 000 – ға дейін болады. Эхинококк – ларвальдық, әлеуметтік және экономикалық ахуалға зор зиян келтіретін гельминттік ауру.

Ауырған сиырдың сүті – 4 – 6 литрге дейін кемиді, жүндері үрпіп, эластикалық қасиетін жоғалтады, төлдерінің дамуы, өсуі тежеледі, төлдеуі төмендейді, организмнің ауруға қарсы иммунитеті төмендейді. Инвазияның қатты кезінде малдың өлім – жітімі көбейеді. Ет комбинаттарында, мал сою цехы мен пункттерінде ішкі мүшелерге, кейде толық ұшаға утилизация жасалынып, толықтай жойылуға жіберіледі.

Кейбір зерттеулерде еттің, жүннің, сүттің сапасы төмендейді, жас малдың өсуі, дамуы кемиді. Эхинококкозбен, ең бастысы, адам ауырады. Адам ауырған жағдайда хирургиялық жолмен ота жасау арқылы емдейді, алайда эхинококкоздың орналасуына қарай толық алынбай қалуы да мүмкін. Эхинококкоздың ларвальдық қоздырғышы балаңқұрт кезінде бір камералық сұйықтық ретінде – 8 метрге дейін жетеді, бұл сұйықтық қорғаныс және қоректік роль атқарады. Эхинококкоздық сұйықтығының формасы (пузырь) – ларвоцист – дөңгелекше, кейде басқаша болуы мүмкін, оның орналасуына байланысты болады. Ларвоцистің көлемі жаңа туған баланың басындай болады және тоқтаусыз өсіп – 40 см – ге дейін жетеді.

Эхинококкозбен ауырған малдың қоздырғыш егер бауырында болса бауырдың салмағы – 50 кг дейін тартады, ал өкпеде – 20 кг – дейін салмағы артады. Эхинококкоздың қоздырғышының даму циклы эхинококкозбен ауырған ақтық иелері қиымен сыртқа шығады. Кейбір мүшеліктерінде 20 000 – ға дейін жұмыртқа болады. Қи артқы тесіктен шыққанда мүшеліктердің (членики) сығылу барысында жұмыртқалар иттің жүніне жабысып қалады. Ит пен бала ойнағанда жеке гигиена сақтамаса, балаға жұғу қаупі туады. Сыртқы ортада мүшеліктер жылдам қозғалып, 15-25 см – ге дейін жетеді, кейде өсімдіктің сабағына дейін көтеріледі.

Аралық иелері мүшеліктерді шөппен, шөптің сабағымен қоректенгенде немесе су ішкенде онкосфер немесе жетілген мүшеліктермен шөппен қоректенгенде ауырады. Онкосфера ішке барғанда тұз қышқылының әсерімен еріп кетеді, олар өзінің күршектерінің көмегімен ішектің қабырғасына, одан ішектен капиллярмен қанмен немесе лимфамен әртүрлі органдарға барып, баяу – 6 айға дейін ларвоцитке айналады. Ақтық иелері (қасқыр, ит, түлкі т.б.) эхинококкозбен ауырған органдарда (өкпе, бауыр т.б.) жегенде ауырады.

Эхинококк – барлық жерде таралған, әсіресе, қой шаруашылығында кеңінен таралған. Кей жерде отар қойды жайылымда итпен баққандықтан қойларға эхинококкоз иттерден жұғады, одан басқа қойда өсімтал протосколекс басқа жануарға қарағанда өте көп болады, осы жағдайға байланысты эхинококкозбен көп таралуын жануардың арасында қойдың үлес салмағы өте көп. Сонымен қатар шошқаның да осы ауруды таратуға үлес салмағы өте жоғары.

Патогенез – ларвоцисттер – органдарға механикалық, токсикалық, аллергиялық әсер етеді. Ларвоциттер өте көп болған жағдайда көпіршік – сұйықтық зақымдалған органды қысқанда жақын

тканьдарының солуына әсер етеді. Сұйықтық – көпіршік – өт жолдарын, қан тамырларын, бронхы мен бронхиалдарды қысып, асқорытуды, қан айналуын, өкпенің кейбір функцияларын тоқтатады. Өте үлкен кеткен бауыр организмнің қозғалысын бұзып, өңешті және қан тамырын қысуы мүмкін.

Аурудың белгілері: ауру созылмалы түрде өтуі, малдың жағдайының және малдың қоректенуі нашарлауы.

Клиникалық белгілері: эхинококкоздың ларвалының орналасуына байланысты өрбиді. Егер ларваист өкпеде болса онда құрғақ әлсіз жөтел, ұзақ мерзімді демікпе, перкуссия жасағанда тимпаниалық емес, әлсіз дыбыс, егер бауырда ларваист орналасса, асқазан жұмысы нашарлап, малдың жүдеуіне әкеп соғады, күйіс қайыруы нашарлап, іші кеуіп кетуі болады.

Патологоанатомиялық өзгерістер: ұзақ уақыт зақымдалған органның көлемі мен салмағының ұлғаюы, паренхима сұйықтықтың әсерінен атрофияға ұшырауы.

Диагноз клиникалық белгілермен сойып көргенде анықталады. Әлсіз интенсивті инвазияда бұл клиникалық белгілердің болмауына байланысты диагнозды нақты қою қиын. Малдың тірі кезінде нақты эхинококкозды аллергиялық әдіспен тексеруге болады. Бұл интрадремальды реакция Казони деп аталады. Аллерген ретінде ларваистің сұйықтығы эхинококкозды, полисахаридті фракциясы, сколекс пен сұйықтың қабығы қолданылады.

Емі – ларвальды эхинококкоздың емі толық зерттелмеген. Бірақ кейбір зерттеулер тәжірибе ретінде – фенбендазол, ет қоректілерге дронцит беріледі.

Ларвальды тенииидиоздардың алдын алу шаралары: адам мен жануарларға бірдей тенииидиоздардың алдын алу үшін ветеринарлық медициналық шаруашылық, қоғамдық бірлестіктер мен басшы мамандармен бірлесіп кешенді түрде шаралар жүргізу керек.

Бұл кешенді шаралар 3 блоктан құралады:

Әкімшілік –шаруашылық іс шаралар

- Үйдің маңайында мал союға тиым жасау, мал союды елді мекенде мал сою алаңдарда малдәрігерінің (вет.врач) қатысумен жүзеге асыру.

- Мал шаруашылығына медициналық байқаудан өтпеген, денсаулығы жарамайтын адамды жібермеу.

- Шаруашылық кезекті 3 – 6 ай аралығында барлық малшаруашылығындағы адамдарды медициналық тексерістен өткізіп тұру.

- Ірі қара мал мен шошқаны өз бетімен босқа жібермеу.

- Егер тенииидиоздар байқалып жатса, сойылған малдың есебі, барлық малдың маркировкасы медициналық мекемелерге хабарлануы отыруы қажет.

- Ветеринарлық – санитарлық тексеруден өтпеген малдарды сатуға тиым салу.

- Қалыпты түрде тоғандар мен жайылымды адамның қиынан қорғау, арнаулы жерге дөретхана тұрғызу.

- адамдардың жеке гигиенасын сақтауға қатты көңіл бөлу, шала піскен, қуырылған ет, өкпе, бауыр т.б. тамақ ретінде пайдалануға тиым салу, жұмыстан кейін, дөретханадан кейін қолын міндетті түрде жуу.

- елді мекендерде тенииидиоздар туралы үгіт-насихат, алдын-алу шараларын қалай жүргізу туралы мамандарға дәріс оқыту, радио мен телевизордан арнаулы осы шаралар туралы хабар бергізу, семинарлар өткізу.

З.СЕЙТМАҒАМБЕТОВА,
РМК «РВЗ» Жезқазған өңірлік филиалы «ЖАД» зертханасының паразитология бөлімінің ветдәрігері.

АИТВ/ЖИТС және АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Әлемде АИТВ/ЖИТС эпидемиясы өткен ғасырдың 70-жылдарының аяғынан бастап тіркеле бастады. Бүгінгі күні адам-зат тарихында жойқын зиянын тигізетін қасіреттің біріне айналып отыр. АИТВ/ЖИТС ұлттың қауіпсіздігіне қауіп төндірумен қоса, құрылықтар мен әлем елдеріндегі экономиканың өркендеуіне зиянын тигізіп отыр. ҚР-да 2015 жылдың І-тоқсанының мәліметі бойынша АИТВ жұқтырғандар саны 22474-ке жетті. Қарағанды облысы бойынша былтырғы жылдың 4 айымен салыстырғанда бір жағдайға артып 4121-ге жетіп отыр. Жезқазған аймағы бойынша 48 ауру тіркеліп, оның 33-і Жезқазған қаласында, 12-і Сәтбаев қаласында және 3-еуі Қаражалда орын алып отыр. Биылғы жылдың 4 айында жаңа жағдай аймақта тіркелген жоқ. АИТВ/ЖИТС жұқтырудың 74% жыныс қатынасы арқылы (Жезқазғанда 75%), есірткіні инъекция арқылы қолданғанда 22% (Жезқазғанда 25%), зақымданған анадан балаға берілу 2,1%. Бұрын АИТВ/ЖИТС инфекциясы қауіпті осал топтар арасында, оның ішінде инъекциялық есірткі тұтынушылар, еркектермен жыныстық қатынаста болатын еркектер, секс қызметін көрсетушілерде болады деп саналған, қазір бұл індетті әйел, бала, жасөспірім, ересектер бәрі жұқтыруда. Әсіресе соңғы кезде жыныстық қатынаспен жұғу көбейіп, екіқабат әйелдер, балалар, жасөспірімдердің жұқтыруы алаңдатуда. Мәселен 20-29 жастағы жастар арасында облыс бойынша тіркелгендердің 49,1%, соның ішінде 52-сі 15 жасқа дейінгі балалар, ал 271-і жасөспірімдер.

2015 жылдың 4 айында Қарағанды облысында 1548 АИТВ инфекциясын жұқтырған екіқабат әйелдер тіркеліп, олардың 373-і босанып, 372-і бала туылды. Екіқабат әйелдерге жүкті кезінде және босанарда сәбилерін АИТВ инфекциясын жұқтырудан сақтау үшін вирусқа қарсы дәрілермен алдын ала емдеу шаралары жүргізіледі. Осы жүргізілген шаралардың арқасында, тек 14 жасқа дейінгі 34 балаға ғана АИТВ инфекциясы деген диагноз қойылды. Әсіресе Теміртау, Қарағанды қалаларында АИТВ инфекциясының балалар арасындағы жағдайы көп тіркелген. АИТВ қасіретімен күресу үшін атқарушы органдар, салалар, ұйымдар бірігіп, ақпарат құралдары арқылы ведомствоаралық байланысты жандандырып, мемлекеттік емес ұйымдардың атсалысуы керек және мемлекеттің басты рөл атқарып қолдауы қажет. ҚР халықтары денсаулығының сапасын арттыруда мемлекетіміздің алға қойған жауапты да күрделі іс-шараларының бірі – АИТВ/ЖИТС жұқпасының таралуын тоқтату. Осы мақсатта АИТВ/ЖИТС-тің алдын алуға арналған мемлекеттік бағдарлама жасалынып, заң қабылданды. ҚР Конституциясының 29-бабында: «ҚР азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар, республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы» деп көрсетілген.

2009 жылы ҚР Президенті бекіткен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодекс басты құжаттардың бірі. Осы Кодекс азаматтардың денсаулық сақтауға конституциялық құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Кодекс талабы бойынша мемлекеттік бағдарламада АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу шараларымен арнайы өкілетті органдардың міндеттері белгіленген: АИТВ/ЖИТС-тің алдын алу мақсатында мемлекеттік іс-шаралар өткізу; ЖИТС қасіретінің жыл санап өсуі туралы ҚР Үкіметіне республикада осы аурумен күресу шараларын ұсыну; ЖИТС және АИТВ жұқпасын емдеу туралы нормативтік-құқықтық актілер жасап бекіту; ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алу шараларын ұйымдастырып, мемлекеттік органдар арасында үйлестіру қызметін жандандыру; қоғамдық және халықаралық деңгейде үйлестіру қызметін жасау; ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алу ҚР Заңымен белгіленген жобадан іске асырып қадағалау; емдеу шаралары мен алдын алу мониторингін жасап бақылау; науқастарға медициналық тегін емдеу мен дәрі-дәрмек

қажеттілігінің реттілігін сақтау; медициналық тексерудің құпиялылығын сақтау.

ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алу, емдеу және жүзеге асыру жергілікті атқарушы және өкілетті органдарға міндеттелген. Адам құқығын қорғауда АИТВ жұқтырғандардың өз құқығын қорғауға мүмкіншілігі бар. АИТВ жұқтырғандар және ЖИТС-пен ауыратын науқастар басқаның денсаулығын сақтау мақсатында, сақтық шараларын жасап, басқаларға жұқтырмауы тиіс. АИТВ жұқпасын жұқтырған адамдардың қанын басқа адамдарға құюға тиым салынған. АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды әлеуметтік қорғауда мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп отыр: АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын балалардың мектепте және басқа оқу орындарында оқуы қамтамасыз етіледі; АИТВ жұқтырған немесе ЖИТС-пен ауыратын адамдарды жұмыстан шығаруға, жұмысқа, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне және оқу орындарына қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ, олардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге, сол сияқты олардың туыстары мен жақындарының тұрғын үй және өзге де құқықтарына нұқсан келтіруге жол берілмейді; АИТВ жұқтыру немесе ЖИТС ауруы медицина қызметкерлерінің және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің өз міндеттерін тиісінше орындамауы салдарынан болған адамдардың өз өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды ҚР-ның Заңнамасына сәйкес тексерістен өтуге құқығы бар.

Жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу үшін, әлеуметтік ортада құқықтық қатынастар саясатын жетілдіру, құқықтық-әлеуметтік орта құру мақсатында ауқымды шаралар жасалуда: есірткі енгізудің зиянын азайту; жыныстық жолмен таралу жолдарының алдын алу жұмыстары; анадан балаға берілу жолдарының алдын алу; жазасын өтеу мекемелеріндегі күрт ауруы мен АИТВ/ЖИТС-пен ауыратын науқастардың өлімін азайту; АИТВ/ЖИТС жұқпасының берілуінің қан арқылы жұғу жолының алдын алу; АИТВ/ЖИТС жұқпасымен ауыратындарды вирусқа қарсы емдеудің халықаралық стандарттарына сәйкес емдеу, күту және қолдау бағдарламасын өмірге енгізу; АИТВ жұқпасынан зардап шеккен адамдарға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру; эпидемиологиялық қадағалауға жауапты іс-шаралардың мониторингін, оларды бағалауды, жоспарлау мен болжауды жетілдіру.

Адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтыруы басқа адамды көп-көрнеу АИТС/ЖИТС-ті жұқтыру қауіпінде қалдыру, өзінде АИТВ/ЖИТС бар екендігі туралы білетін адамның оны басқа адамға жұқтыруы, медицина қызметкерлерінің, сол сияқты тұрмыстық немесе өзге халыққа қызмет көрсету ұйымы қызметкерлерінің өздерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауының салдарынан басқа адамға АИТВ/ЖИТС-ті жұқтыруы, лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, ҚР Қылмыстық Кодексінің 116-бабына сәйкес жауапқа тартылады. Мемлекет Қазақстандағы мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында АИТВ/ЖИТС індетінің алдын алу саясатын қалыптастырып, ЖИТС індетінің жоғарғы сатыға ауысуына жол бермей, оның таралуын шоғырланған сатыда тұрақтандыруды өз міндетіне алды. Сонымен бірге әр Қазақстан азаматы өз денсаулығына ынтымақты жауапкершілікпен қарап, денсаулығын сақтап, АИТВ жұқпасы туралы толық ақпараттанып, маңындағылардың денсаулығына зиян келтірмей, саламатты өмір салтын ұстанып, өмірде белсенді, жан-жақты азамат болуы керек. Тек мемлекет пен оның азаматтарының бірігіп күресуі арқасында ЖИТС-пен тиімді күрес жүргізіледі. **(Хабарласу тел: 8(7102) 72-36-63).**

Аманкелді НЕСІПБАЕВ,
Қарағанды облысы Жезқазған қалалық ЖИТС-тің алдын алу және күресу бөлімінің эпидемиолог дәрігері.

ТЖ бөлімі ескертеді!

Жаз – еңбек демалыстарының, саяхаттың, күлімдеген күннің, таза ауаның және шомылудың маусымы. Шомылу демекші, бұл – осы мезгілдің ең рахат сәттерінің бірі. Шомылуды бәрі де жақсы көреді. Алайда, өз денсаулығына зиянын тигізбей, «дұрыс» шомылудың ережелерін бәрі де жақсы біледі деп айта алмаймыз.

Ұлытау ауданы аумағында 2013 жыл судағы орын алған оқиғалар бойынша тіркелген хабарлама - 2, 2014 жылы суға бату оқиғалары тіркелмеген еді, ал 2015

ге болмайды. Температураның күрт өзгеруі буындардың тартылуына апарып соқтырады. Ағзаңызға жаңа ортаға үйренісу үшін 15 минут уақыт беріңіз. Сонан кейін еш кедергісіз

СУҒА ТҮСКЕНДЕ, ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ ҰСТАҰЫҚ!

жылдың осы уақыт аралығында тіркелген хабарлама - 3. Осындай оқиғалардың алдын алу барысында, жыл сайын Ұлытау ауданы ТЖ бөлімі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, қарапайым халыққа түсіндірме жүргізіп отырады. Төмендегідей қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз:

Суық суда бұлшық еттер тартылып, денеңіз тырысып, талып қалуыңыз мүмкін. Осының әсерінен адамдардың қайтыс болған жағдайы аз болмаған. Сондықтан, сізде талма ауруы байқалған болса, жағалаудан алыс кетпегеніңіз абзал. Және киіміңізге түйрегіш түйреп жүріңіз, аяқ астынан денеңіз тырыса бастағанда түйрегіштің бас жағын денеге түйреу керек.

Көп уақыт тұрып қалған тұщы су қоймаларына шомылғанда абай болыңыз. Қаздар, үйректер, шағалалар жүзіп жүрген жерден қауіпті инфекция жұқтырып алуыңыз ғажап емес. Ең кең таралған инфекция - ішек таяқшалары (кишечная палочка) және церкариоз. Олар аллергиялық аурулар тудырады және оның бірнеше күнге жалғасуы мүмкін.

Шомылу барысында мына ережелерді назарыңызда ұстаңыз:

Жағалауға жете салысымен суға қойып кету-

Дәрігер кеңесі

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ (ата-аналар назарына!)

Жедел ішек инфекциясы микробтармен қоздырылып, ауыз қуысы арқылы балалар ішегіне түседі. Ауру қоздырғышы ластанған тағамдар, су, кір қол арқылы, ойыншықтар, басқа да күтім заттары арқылы ағзаға түседі. Екі жасқа дейінгі балаларда негізінен диарея түрінде болады, диарея – жиі сұйық іш өту. Диарея ағзаны сусыздандыруы мүмкін. Сусыздандыру – бұл ағзадағы судың үлкен құрамын және минералын жоғалту. Нәрестелер үшін сусыздану өте қауіпті, тіпті өлімге алып келуі мүмкін.

Балада диарея болмау үшін, мынандай алдын алу шараларын сақтау керек: баланы екі жасқа дейін емшек сүтімен тамақтандырыңыз. Есте сақтаңыз, ана сүтінде баланың алғашқы өміріне қажетті барлық нәрлі зат бар, сонымен қатар, ана сүті баланы жұқпалы аурулардан сақтайды. Алты айлығынан бастап қосымша тамақты дұрыстап беріңіз. Тағамды ішер алдында дайындаңыз. Баланы қасықпен тамақтандырыңыз. Емізер алдында және тамақ дайындар алдында қолыңызды мұқият жуыңыз. Тамақты таза жерде және таза ыдыста дайындаңыз. Пайдаланылатын су қайнатылған, таза жеткілікті мөлшерде болу керек. Жеке бас тазалығын сақтаңыз. Ойыншықтарды үнемі таза ұстаңыз, ластанған кезде жуыңыз. Баланың дәрет тазалығын дұрыс қадағалаңыз. Баланы дәреттен кейін бірден жуындырыңыз. Содан соң өзіңіздің және балаңыздың қолын жуыңыз.

Медицина қызметіне қашан жүгінуге болады? Егер балада әлсіздік немесе мазасыздық пайда болса, бұл аурудың басталуының белгісі; егер бала су іше алмаса, емшектен бас тартса немесе шөлдесе; егер дене қызуы 37 градус және одан жоғары көтерілсе; егер жиі құсса және жиі іші өтсе; егер үлкен дәрет қан араласқан болса.

Дәрігердің кеңесінсіз балаңызға дәрі, әсіресе антибиотик бермеңіз! Өз балаңыздың денсаулығы – өз қолыңызда!

С.АБАШЕВА, дәрігер.

Жезді кенті.

МӘЛІМДЕМЕ

Мен, Ұлытау аудандық Қазынашылық басқармасының басшысы Ақбасов Эльдар Бақытжанұлы Мемлекеттік қызметкердің міндетті декларациясына сәйкес 2014 жылғы біржылдық табысым – 2192368 теңге 00 тиынды құрағанын, Жезқазған қаласында бір бөлмелі пәтерім бар екенін мәлімдеймін.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

«Шеңбер селолық округі әкімі аппараты» ММ-сі атына берілген тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының жер телімі туралы құжатының (кадастрлық нөмірі 09-106-006-148) жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

Өзілің жарасса...

АРДАГЕР ДӘРІГЕРДІҢ АРНАУЛАРЫ

Қасиетті Ұлытаудың тумасы Ақзейнеп Оразбекқызы Наурызбаева Қарағанды Мемлекеттік Медициналық институтының «емдеу ісі» факультетін бітірген. 1977 жылдан бері Ұлытау аудандық ауруханасында терапевт, невропатолог болып жемісті еңбек етіп келеді. Бір мекемеде табан аудармай 40 жылға жуық дәрігер болып қызмет етіп жүрген Ақзейнеп Оразбекқызы өзінің білімділігімен, біліктілігімен халқына сыйлы, ұжымында абыройлы. Медицина қызметкерлері күніне орайластырып, біз бүгін оның аудан аумағындағы әріптестеріне арнап жазған әзіл-шумақтарын қаз-қалпында жариялап отырмыз. Қабыл алыңыздар, ардагер дәрігердің ардақты әріптестері!

**Директор –
Урал Сафиуллаұлына**
Сафиуллаұлы Уралды,
Жақсы оташы дейді ел
Ауруды да емдейді
Жамандыққа жол бермейді.
Жақсартам деп халықтың
Денсаулық ісін қолға алды
Тиймді жаңа жобалар
Емханада қолданды.
Еңбегің жанып қашанда
Өсе бергін әмәнда
Министрдің тағынан
Көрейік біздер енді алда.

**Дәрігер
Замира Жаңбыршиеваға**
Басшымыздың бірі деп
Замираны сыйлаймыз
Білікті маман әрқашан
Беделді өзі жинайды.
Демалысқа кетсе ол
Қашан енді келер деп
Сырдың сұлу қызын біз
Жігіттерге де қимаймыз.

**Педиатр-дәрігер
Марат Дүкембаеваға**
Елпілдеген Маратты
Аллаһ өзі жаратты
Талай науқас баланың
Бетін бері қаратты
«Вызов, вызов, вызов» деп
Күндіз-түні жүгіріп
Ұйқыны да білместен
Шашты солай ағартты.

**Терапевт-дәрігер
Әбдіқадыр Омаровқа**
Маң-маң басқан Әбекең
Мінезге бай паң екен
Терапия саласын
Профессордан кем білмейтін
Марқасқа өзі дана екен.
Өкпе менен жүректі
Бауыры мен бүйректі
Сипап қолмен жазатын
Емшінің нағыз өзі екен.

**Балалар дәрігері
Бақыт Әбіловаға**
Жас дәрігер болды ол
Бас дәрігер болды ол
Баланы да, үлкенді
Қатар емдей білетін
Біздің Бақыт бүгінде
«Профессионал» дәрігер.

**Отбасылық дәрігер Әйгерім
Жансымақоваға**
Отбасылық дәрігер
Әйгерімді біледі ел
Қарағаны күлімдеп
Жаңға жайлы, ол да ем
Еткен еңбек, маңдай тер
Халық өзі бағалар
«Ақырын жүріп анық бас» –
деп айтқан ғой даналар.

**Жезді ОДА-ның аға дәрігері
Әбен Құлнбаеваға**
Бақылап еппен қарайтын
Дәріні үнемдеп санайтын
Әрбір халқын Жездінің,
Алтынға теңеп байайтын.
Халқы да жақсы көреді
Жәненұлы Әбенді
«Абай» деп баға береді
Жоғары оның беделі.

**Қарсақбай ОДА-ның аға дәрігері
Ұлмекен Қожасоваға**
Мен қазақ қыздарына
қайран қалам,
Ұлмекен осы өзі қандай адам
Ұйқыны, күлкіні де ұмытып қап
Байқоңыр, Қарақұмды
жүз шарлаған.
Халқының қалаулысы бұл
Ұлмекен,
Қасиетті қара шаңырақ қызы екен
Гинеколог, педиатр бәрі өзіңсің,
Сен болмасаң Қарсақбай
қайтер екен.
Қажыма, ауырма да
шаршама сен
Сен тудырған балалар
қаншама екен
Халқыңның қаһарманы бол
енді сен
Денсаулықтың батыры
болсаң екен.

**Жетіқоңыр ОДА-ның
аға дәрігері
Анипа Сауқымбаеваға**
Мидай жазық даласы
Мидай ыстық қаласы
Анипа атты дәрігер
Мибұлақтың баласы.
Білімді де салмақты
Ана, әже ардақты
Өзі дәру емес пе
Жымыған көздің қарасы.

**Қаракеңгір ОДА-ның аға дәрігері
Жакуда Мұсабековке**
Отыз бес жылдық еңбегі
Ұйқысыз түндер көргені
Шашы да оның ағарды
Әлі де көп қой берері.
Емдеу ісінің шебері
Жакуда нағыз клиницист
Денсаулық сақтау үздігі
Берілсе оған көп емес.

**Аманкелді ОДА-ның аға дәрігері
Мейрамбек Әбіловке**
Екіқабат әйел толғатса
Өзі қоса толғатқан
Аман-есен босанса
«Уралап» елді оятқан.
Мейрамбектей дәрігерді
Шам алып іздеп таппайсың
Тазалығынан емхананың
Еденінде тайғанақтайсың



Құжаттары музей ғой
Ешбір мін одан таппайсың.

**Егінді ОДА-ның аға дәрігері
Жұмаш Баймұратовқа**
Егіндінің ері ғой
Керім де әрі сері ғой
Қолы ашық, ақкөңіл
Жұмаш нағыз дәрігер
Әр саланы меңгерген
Қиындықты да көп көрген
Бас дәрігер болсаң көп емес
Істеріңді жақсы ел көрген.

**Шеңбер ФАП-нің медбикесі
Қанипа Мағзұмоваға**
Аңқау да аңғал Қанипа
Кәсібінің шебері
Өзі ауырып жүрсе де
Шақырсаң түнде келеді
Денсаулығың зор болсын
Еліңе көп берерің
Халқыңның берген алғысы
Бір өзіңе ем болсын.

**Сарысу ФАП-нің медбикесі
Гауһар Қозыбаеваға**
Гауһар десе Гауһар ғой
Күндіз сөніп, түнде жанған
Томпаңдап тойған қозыдай
Бітірер істі қолға алған
Шаршамай солай жүре бер
Еңбегің жансын әр кезде
Дәрігерден кем емессің
Себебі арқа бар сенде.

**Алғабас ФАП-нің медбикесі
Гүлсім Қазыбаеваға**
Алғабастың Гүлсімі
Шапқылап жетіп келеді
Мінезі оның ер сынды
Еңбегі оның елеулі
Алға қойған жұмысын
Диагностдың қояр дұрысын
Халқың үшін тектің тер
Қызы емес сен ұлысың.

**Төрісаққан ФАП-нің медбикесі
Ақбөпе Жабаеваға**
Ақбөпені қалай айтпасқа
Төрісаққан жерін тербеткен
Прививкасы үшін балалардың
Жүгіріп әбден тер төккен
Аурудың алдын алам деп
Олай-бұлай шапқылап
Боранды да елемей
Шаңын шығарып желдеткен.
**Аралтөбе ФАП-нің медбикесі
Камал Құдаймендиеваға**
Камал атты қара қыз
Жарқ-жүрқ еткен көз қандай
Аралтөбе үшін дара қыз
Тық-тық етіп жүргенде
Самедат келіп қалғандай.

ОБЪЕКТИВТЕ: дәріханашы

ОТЫЗ ЖЫЛ БОЙЫ БІР САЛАДА

**Рахымжан
ӘДЕНҰЛЫ**

Қозыбаева Рухия Ақанқызы 1984 жылы Жезқазған медициналық училищесінің «фармацевтика» факультетін бітірген соң, 1985-1997 жылдары Ұлытау селосындағы дәріханадан еңбек жолын бастаған болатын. 1997-2013 жылдар аралығында Сәтбаев қаласында дәріханашы болып еңбек еткен ол, медициналық оқу орнында алған теориялық білімін еңбекпен ұштастыра білді. Ал 2013 жылы медицинадағы аса маңызды сала – фармацевтиканы жетік меңгерген тәжірибелі маман, жеке кәсіпкерлікпен айналысуға ниет етті. Сөйтіп, Ұлытау селосында жекеменшік дәріхана ашып, халық игілігіне қызмет ете бастады. Рухияның дәріханасында сан түрлі дәрі-дәрмектер тізімі ауқымды, әрі арзан. Медицина саласындағы еңбек өтілі биыл 30 жылды құрап отырған тәжірибелі дәріханашы село тұрғындарына ғана емес, аудан халқына да сыйлы, абыройлы. Біз 30 жыл бойы фармацевтика саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан Рухия Ақанқызын кәсіби мерекесімен құттықтап, ұзақ та қызықты ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз.

**Суретте: дәріханашы Рухия Ақанқызы жұмыс үстінде.
Суретті түсірген Ж.АЯШЕВ.**

Мәдени хабар

«ЖІГІТ СҰЛТАНЫ – 2015» БАЙҚАУЫ



Аудандық Мәдениет үйі және Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығының ұйымдастыруымен 13 маусым күні ауданда «Жігіт сұлтаны – 2015» байқауы өтті. Сайыс бес кезеңнен тұрды. Қатысушылар сайысқа қойылған бес кезең бойынша бірінен бірі асып түспесе, кем түспейтіндіктерін бір мәрте дәлелдеп шықты. Бір айта кетерлігі, жігіттер үшін дайындық уақыты аздық еткен секілді. Бұл сайыс барысын да аңғарылып тұрды. «Иә, өкінішті сәттер әр адамда болады. Сайысқа дайындалуда уақытым шектеулі болды. Бірақ мен мұнымен тоқтап қалмаймын батыр майданда шынығады дейді ғой. Сол сияқты өз өнерімді әлі талай мәрте дәлелдеп шығамын, мүмкін, жақсы дайындалғанымда бас жүлдеден көрінуім де ықтимал еді», - дейді сайысқа қатысушы II-орын иегері Рашид Жолдасбек Қонайұлы.

Жезді кентінен келген Абдухамитов Ержан Бақтиярұлы қара домбыраны жанына серік етіп, Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап шығарған арнауын тегіліп салғанда көрермендерді бір серпілтіп тастады. Ержан ініміз Әділ қазылардың әділ бағасын алып, «Жігіт сұлтаны – 2015» байқауының I-орын иегері атанды. «Қарақылды қақ жарған төрешілердің берген бағасы көңілімнен шықты, III-орын алдым, ол да жаман емес», - дейді Рахат Құрмет Болатұлы. Сайысқа білек сыбана қатысқан жігіттердің барлығы құралақан қалмады. Өрқайсысына көрсеткен өнерлері үшін Мадақтама қағазы мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы.

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірінің» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 24



**Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ**